МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №6-7 (6569) 24 қаңтар, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ЭКОНОМИКА



## НӘТИЖЕЛІ ҚАДАМДАР

Алматының болашағы тұрақты дамуға бағытталған 3

#ТАЗАҚАЗАҚСТАН

# ҚЫСҚЫ ҚАРБАЛАС

## Шаһардың коммуналдық қызметі күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр







Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Қар жауса шаһарымыз шырайлана түседі. Бірақ миллиондаған халық тұратын мегаполис үшін ақша қар сұлулығымен бірге әурешілігін де ала келеді. Айталық, Коммуналдық қызмет бұл рет тәулігіне 9600 текше метр қар шығарылғанын айтып отыр. Алматының қысқы қарбаласы қалай өтіп жатыр? Тілші репортажына назар аударып көріңіз.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Бейбіт ШАХАНОВ,**
**Алматы қаласы әкімінің орынбасары:**

### ҚАР КҮРЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

*Бүгін сағат 9.00-де қалада және таулы аудандарда қар жауа бастады. Екі күн бойы қар жауып, 20 мм қар түседі деп болжанып отыр. Бұл едәуір мөлшер, сондықтан бұл ауқымды жұмыс. Таңертеңнен бастап коммуналдық қызмет көшелерге көктайғаққа қарсы арнайы қоспалар сеуіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Негізгі жұмыс қар күрелген соң басталады. Біз магистралды және орталық көшелерде қар үйінді жасалған соң қарды шығаруға кірісеміз.*

*Қазіргі уақытта жолдарда 600-ден астам арнайы техника жұмыс істеп жатыр, күндізгі уақытта шамамен 1,5 мың адам жұмылдырылды. Жұмыс түнде де жалғасады, қар толық шығарылғанға дейін тоқтатылмайды. Тазалықты бақылау үшін аудан әкімдіктерінде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.*

САРАПТАМА

# Алматы тәжірибесі:
# КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ТИІМДІ ҮЛГІСІ

**Саясатта халықпен қарым-қатынасқа ерекше мән беріледі. Қандай саяси режим болмасын коммуникация маңызды болып саналады. Тек әр режимде коммуникация өзінше жүргізіледі. Өзге елдер секілді Қазақстанда да өзіндік саяси коммуникация моделі қалыптасуда. Бұл бағытта жетістіктеріміз бар. Соның бірі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру арқылы орталық және жергілікті атқарушы органдар халықпен тікелей қарым-қатынас моделін жетілдіруде. Мұнда, әсіресе, Алматы қаласын ерекше атап өтуге болады.**



(Дереккөз:gurk.kz).

### Серпін берген жыл

**• «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы өміршең екенін уақыттың өзі көрсетуде.**

Әрине, бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру ұзақ уақыт пен саяси жігерді талап етеді. Себебі, ұзақ жыл бойы қалыптасқан саяси құндылықтарды заман талабына сай өзгерту оңай шаруа емес. Кейбір құндылықтардың тамыры тіпті кеңестік жүйеге келіп тіреледі.

Аталмыш тұжырымдаманы Мемлекет басшысы 2019 жылы ұсынған еді. Содан бері 5 жыл өтті. 2022 жылға дейін оны жүзеге асыруға түрлі қоғамдық-саяси процестер жол бермеді. Бұл қандай процестер деген сұраққа Президент былтырғы және биылғы сұхбатында егжей-тегжейлі айтып берді.

2

KAZHYDROMET.KZ

### Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

**24.01.2025**

**Түнде:**
-18-20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

**Күндіз:**
-10-12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

**25.01.2025**

**Түнде:**
-13-15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

**Күндіз:**
-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**26.01.2025**

**Түнде:**
-14-15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

0 745178 614887 >

## Алматы тәжірибесі:

# КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ТИІМДІ ҮЛГІСІ

*(Басы 1-бетте)*

2022 жылдан бері қарай жасалған өзгерістерге тоқталайық.

**Халықпен кім тікелей коммуникация жасайды? Әрине, әкімдер. Сондықтан Президент 2022 жылы 3 наурызда «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Жарлықта әкімдерге мынадай міндеттер жүктелген:**

***• Барлық деңгейдегі әкімдер халықпен жыл бойы кездесу өткізуі тиіс;***

***• Кездесулерде халық көтеретін әлеуметтік мәселелерге назар аударылуы тиіс;***

***• Елімізді жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар ету;***

***• Проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндіруі тиіс.***

Жарлыққа сәйкес республикалық маңызы бар қала әкімдері бір жылда әр ауданда кемінде бір рет көшпелі кездесу өткізуі тиіс. Алматы қаласында 8 аудан бар. Демек, қала әкімі жылына кемінде 8 кездесу өткізуі тиіс.


Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

### Қала әкімі қанша кездесу өткізді?

**• 2022 жылы 29 наурызда қала мәслихатының шешімімен Алматы қаласы әкімі мен аудан әкімдерінің халықпен кездесу кестесі бекітілді.**

Кестеге сәйкес қала әкімі әр тоқсанда 8 кездесу өткізді. Осылайша жыл соңына дейін 24 рет халықпен кездесті. Ал аудан әкімдері айына 1 рет аудан тұрғындарымен кездесу өткізген. Яғни шаһар басшысы 2022 жылдың соңына дейін 24 кездесу өткен.

2023 жылы халықпен кездесу саны артты. Осылайша Ерболат Досаев 1 жыл ішінде 32 кездесу өткізген. Яғни әр аудан тұрғындарымен 4 реттен кездесіп, оларды толғандырған сұрақтарға жауап берді. Ал 2024 жылы қала басы тұрғындармен 16 рет кездесті. Осы тұста «кездесу саны не үшін азайды?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Оған екі себеп бар.

Біріншіден, 2023 жылы Президенттің жоғарыдағы Жарлығына өзгеріс енгізілген. Сол өзгеріске сәйкес жылына кемінде бір рет қаланың әр аудан тұрғындарымен көшпелі кездесу өткізуі тиіс. Бұған дейін әр тоқсан сайын еді.

Екіншіден, жыл өткен сайын кездесуде көтерілетін мәселелер саны азайды. Басым көпшілігі 2022-2023 жылдары шешімін тапты. Мұны кездесулерге қатысатын тұрғындардың санынан көруге болады. Егер мұқият қарайтын болсақ, кездесулерге қатысатын тұрғындардың саны әр жыл сайын азайғанын байқаймыз. Бұл қала әкімдігінің халықпен коммуникациясының тиімділігін көрсетеді.

Бұдан бөлек, барлық кездесулер тікелей эфирде көрсетілетінін атап өткен жөн. Сонымен қатар, кездесулердің қалай өткенін кейін де көруге болады.



**Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.**

---

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### 28 қаңтарда Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өтетін алқалы жиын барысында еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары шығарылып, Үкіметтің алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері айқындалады.**

Сонымен қатар, Премьер-министр Олжас Бектенов, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов және бірқатар өңірдің әкімдері баяндама жасайды.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

---

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# «OPEN SPACE» ФОРМАТЫ

## халықпен ашық диалог құру үшін тиімді қадам

**«Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын» іске асыру аясында Жетісу ауданы әкімшілігі мемлекеттік органдар қызметінде ашықтық пен есептілікті арттыру үшін нақты қадамдар белгілеп отыр.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларына объективтілік пен сенімнің өсуін қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғамның өкілдері белсенді түрде тартыла бастады. Халықпен ашық диалог құру үшін әкімдіктің азаматтарды қабылдау орталығында «Open Space» форматы қолданылмақ. Келушілерді аудан әкімі жеке өзі қабылдап, олардың уақыты мен санын шектемей жүзеге асыруды көздеп отыр. Қолға алынып жатқан шаралар қалай жүзеге аспақшы?

Қазіргі таңда аудандық әкімдік аппаратында тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мониторинг жүргізіліп жатыр.




Ол үшін бірқатар тың тәсілдер қолданыла бастады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіліп, бұл әдіс заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ, әкім аппараты тұрғындарға заңгерлік тұрғыда да кеңес беретін болды. Мұндай қадам тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімнің артуына ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіле бастаған жұмыс қоғамның сұраныстарына сәйкес жүргізіледі.

Аудан әкімі Ләззат Әуезханқызының айтуынша, орта мерзімді перспективада негізгі күш-жігер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған. Бұдан басқа, жобалық басқару шеңберінде әрбір мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюды қамтитын базалық бағыт енгізіліп отыр.

Жалпы, Жетісу ауданында жүзеге аса бастаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ашықтыққа, қоғаммен диалогқа және талдау мен мониторингтің заманауи құралдарын белсенді қолдануға негізделген жүйелі тәсілдің үлгісі болып табылады. Сөз жоқ, мұндай шаралар мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іс жүзінде іске асыруға ықпал етеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА, Жетісу ауданының әкімі:**

### Заңнама нормалары қатаң сақталады

Жетісу ауданы әкімінің аппараты қоғамның жегі құртына айналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының ережелерін енгізе отырып, Қазақстан заңнамасының барлық нормаларын қатаң сақтайды. Халықты ақпараттандыру және ашықтықты арттыру үшін әкімдіктің ресми сайтында арнайы бөлім құрып, онда негізгі құжаттар жарияланатын болады.

Мәселен, олардың қатарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, «ҚР-ның 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы», «Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың орындалуы жөніндегі жоспарлар мен есептер» бар. Әрине, мұндай ашықтық аудан тұрғындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қабылданып жатқан қадамдармен танысуына және оларды қолданудың тиімділігін бағалауына мүмкіндік береді.

ЭКОНОМИКА

# НӘТИЖЕЛІ ҚАДАМДАР

## Алматының болашағы тұрақты дамуға бағытталған

**Алматы – Қазақстанның ең ірі қаласы әрі елдің экономикалық, инновациялық орталығы ретінде қарқынды дамып келе жатқан мегаполисі. Қаланы дамыту бірнеше негізгі бағытта жүзеге асып келеді. Нәтижелі көрсеткіштер арқасында алып шаһар алға қарай нық қадам басуда.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ


Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жалпы, Алматының болашаққа арналған даму жоспары қала тұрғындарының өмір сапасын арттыру, экономиканы әртараптандыру, экологиялық тұрақтылықты сақтау және инновациялық қаланы құру мақсаттарына негізделген. Төменде Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпараттар негізінде қаланың 2024 жылғы нәтижелері мен 2025 жылға арналған жоспарларын ықшамдалған нұсқасын ұсынып отырмыз.

**• 2024 жылы Алматы бюджетіне 1,8 трлн теңгеден астам салықтар мен төлемдер түсті.**

Бұл ретте түсімдердің шамамен, 70%-ы ШОБ дамыту есебінен қамтамасыз етілген. Алматы қаласының Қаржы басқармасының мәліметінше, жергілікті бюджеттің кірісі қала экономикасының қарқынды өсуінің арқасында айтарлықтай өсім көрсеткен.

Айта кетейік, өткен жылдың желтоқсан айында қала мәслихаты Алматының 2025–2027 жылдарға арналған бюджетін бекітті. Еліміздің тарихында тұңғыш рет Алматының қалалық бюджеті ағымдағы жылға 2,2 трлн теңгеден асты. Бұл 2022 жылдың басымен салыстырғанда, 2,1 есе жоғары. Аудандар бюджеті де өсуді көрсетуде. Мәселен, функцияларды орталықсыздандыруды ескере отырып, Алматының 8 ауданының бюджеті 2022 жылға қарай 6 есе өсумен 293,6 млрд теңге сомасында бекітілді.

**• Өткен жылы 74 мыңға жуық жұмыс орны ашылды.**

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматыда 73,9 мың жұмыс орны құрылды. Олардың 61,5 мыңы тұрақты екенін атап өту маңызды.

Қала әкімдігінің жұмысындағы маңызды басымдық алматылықтардың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Өткен жылдың 9 айында ағымдағы инфляцияны ескере отырып, Алматыда орташа айлық жалақы нақты мәнде 6,1%-ға өсіп, 470 мың теңгені құрады. Өткен жылы 73,9 мың жұмыс орны құрылды. Құрылған жұмыс орындарының 83,2%-ы тұрақты. Нәтижесінде Алматыда жұмыссыздық деңгейі 2024 жылдың үшінші тоқсанында 4,6%-ға дейін төмендеді.

**• 2025 жылы қала экономикасына 2,2 трлн теңгеден астам қаржы тарту жоспарлануда.**

2024 жылы Алматыда негізгі капиталға шамамен 2 трлн теңге инвестиция тартылды. Негізгі капиталға инвестициялар өңдеуші өнеркәсіпке (өсім 2,9 есе), білімге (84,7%), көлікке (37,5%), денсаулық сақтауға (31,3%) инвестициялардың айтарлықтай өсуі есебінен 8,2%-ға ұлғайды.

Бұл өсу динамикасы инвестициялар құрылымының сапалы өзгеруін көрсетеді. Шамамен, 90%-ды жеке инвестициялар құрайды, олардың өсімі 6,2%. Қала экономикасының қарқынды дамуын және жергілікті бюджет кірістерінің айтарлықтай өсуін ескере отырып, 2024 жылғы 6 желтоқсанда Fitch Ratings Алматының «BBB+» деңгейіндегі дербес несиелік рейтингін, «Тұрақты» болжамы растады.

Жалпы, қала экономикасына 2025 жылы 2,2 трлн теңге тарту жоспарлануда.

**• Биыл 4 мың ШОБ жобасына 71 млрд теңге бөлінеді.**

Биыл Алматыда шағын және орта бизнесті дамытуға бюджеттен 71 млрд теңге бөлінбек. Бұл сома, оның ішінде жергілікті бюджеттің қаржыландыруын 2,5 есеге арттыру арқылы 52,6 млрд теңгеге жеткізілмек. Қаржы жалпы 4 мың жобаны, оның ішінде 2 мың жаңа жобаны қолдауға мүмкіндік береді. Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының хабарлауынша, бүгінде бұл салада қалада жұмыс істейтіндердің 85%-дан астамы, яғни шамамен, 942 мың алматылық еңбек етеді.

Айта кетейік, Алматыда шағын және орта бизнестің экономикаға қосатын үлесін 2024 жылғы 60%-дан 2030 жылға қарай 75%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Еске сала кетейік, 2024 жылы 2,5 мың жаңа жобаны қолдауға бюджеттен 53,1 млрд теңге бөлінген болатын.

ХАЙТЕК

# STARGATE ЖОБАСЫ

## Дональд Трамп жасанды интеллектке $500 миллиард инвестиция құятынын жариялады

**АҚШ президенті Дональд Трамп 21 қаңтарда жасанды интеллект (ЖИ) инфрақұрылымын құруға бағытталған жаңа бастамасын жариялады. Бұл бастама жеке сектордан 500 миллиард доллар инвестиция тартуды көздейді және OpenAI, SoftBank, Oracle компанияларының бірлескен жобасы «Stargate» арқылы жүзеге асырылады.**



### Саяси астары

Трамптың бұл қадамы АҚШ-тың жаһандық технологиялық көшбасшылықты сақтау стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Қытайдың ЖИ саласындағы қарқынды дамуы мен басқа да елдердің бәсекесі АҚШ-ты осы салада алға жылжуға итермеледі. Төтенше жағдай жариялау арқылы инфрақұрылымды тезірек салу қажеттілігі елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, 100 000-нан астам жаңа жұмыс орындарының ашылуы ішкі саяси қолдауды нығайтады.

### Экономикалық бағдары

500 миллиард долларлық инвестиция АҚШ экономикасына айтарлықтай серпін береді. Жоба инфрақұрылымдық дамуды жылдамдатып, электр энергиясын өндіру және деректер орталықтарын салу сияқты салаларға үлкен сұраныс тудырады. Техас штатында басталған алғашқы деректер орталықтары экономиканы әртараптандыруға және аймақтық даму деңгейін көтеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, жеке сектордың осындай көлемде инвестиция салуы елдің инновациялық әлеуетін арттырады және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

### Технология

Stargate жобасы ЖИ технологияларын дамытуда жаңа дәуірдің бастауы болып табылады. OpenAI, SoftBank және Oracle компанияларының бірігуі жоғары технологиялық шешімдерді іске асыруға мүмкіндік береді. Жобаның денсаулық сақтау саласындағы әлеуеті ерекше маңызды: ауруларды ерте кезеңде анықтау және емдеудің жаңа әдістерін енгізу арқылы халықтың денсаулығын жақсартуға болады. Сэм Олтманның пікірінше, бұл жобаның осы дәуірдің ең маңызды бастамаларының бірі болуы ықтимал, себебі ЖИ технологиялары қоғамның әртүрлі салаларында революциялық өзгерістер әкеледі.

**ТҮЙІН:**
***Трамптың 500 миллиард долларлық инвестиция жоспары АҚШ-тың ЖИ саласындағы көшбасшылықты сақтап қалуына және экономикалық өркендеуіне үлкен үлес қосады. «Stargate» жобасы арқылы жүзеге асатын инфрақұрылымдық даму жаңа технологиялық жетістіктердің негізін қалауға мүмкіндік береді. Бұл бастама АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттырады және азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.***

**Жобаның толық егжей-тегжейі әлі ашылмағанымен, SoftBank, OpenAI және Oracle сияқты жетекші компаниялардың бірлескен жұмысы оның сәтті іске асуының кепілі болып көрінеді. Болашақта басқа да инвесторлардың қатысуы жобаның масштабын кеңейтіп, ЖИ технологияларын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.**

**Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,**
**IT сарапшы, журналист.**

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

# «НАУРЫЗ ЖҰМЫСКЕР»

## жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылғаны туралы жарияланды

**Үкіметте Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық мамандарды қолдау шаралары қабылдануда.**

Премьер-министр Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Отбасы Банкі «Наурыз жұмыскер» жаңа бағдарламасы іске қосылғаны туралы жарияланып, жұмысшы мамандарды баспанамен қамту мәселесі шешілді. Бағдарлама өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және су ресурстары салалары қызметкерлерін қамтиды. Биыл «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы аясында жұмысшы мамандықтары өкілдеріне 72 млрд теңге көлемінде 2440 несие беру жоспарланып отыр. Өтінімдерді қабылдаудың басталуы 2025 жылдың 17 наурызына жоспарланған. «Наурыз жұмыскер» қазірдің өзінде белгілі «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасының бір бөлігі болмақ.

Бағдарлама талаптары бойынша азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 7% (ЖТСМ 7,1%-дан 9,6%-ға дейін) және қалған барлық санаттар үшін 9%-дық (ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін) мөлшерлемемен несие беріледі.

Бастапқы жарна – таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үйді сатып алу үшін 10%-дан, әрленбеген бастапқы тұрғын үйді және қайталама нарықтағы тұрғын үйді сатып алу үшін 20%-дан басталады. Несиенің ең жоғары сомасы облыстар үшін 30 млн теңге, Астана мен Алматы қалалары үшін 36 млн теңге.

Сондай-ақ, «Наурыз жұмыскер» бағдарламасымен қатар Отбасы банкі отандық кәсіпорындармен «корпоративтік» өнім шеңберінде жұмыс істейтін болады, бұл кәсіпорындардың өз қызметкерлеріне несие беру үшін қаражат бөлуін білдіреді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ләззат ИБРАГИМОВА,**
**«Отбасы банкі» АҚ басқарма төрағасы:**

### Қоғамның игілігі үшін жасалған қамқорлық

Президентіміз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Кеншілер, металлургтер, тас қалаушылар, электриктер, құюшылар ауыр жұмыстарды атқарады. Осы және басқа да көптеген мамандық иелері біздің негізгі қажеттілігімізді қамтамасыз етіп отыр. Мұндай мамандарға жасалған қамқорлық – бүкіл қоғамның игілігі үшін жасалған қамқорлықпен тең. Көпшілігі қиын жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан олардың баспана мәселесін шешу – қиын еңбек жағдайларының орнын толтыруға септігін тигізеді.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз: primeminister.kz).**

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

# АЛМАТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ

## жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі ұлғайды

**Отандық авиакомпаниялар Air Astana, SCAT, Qazaq Air, Fly Arystan Қазақстанның 19 қаласына тұрақты ұшуды орындайды. Халықаралық әуе қатынасын әлемнің 26 елінде 50 бағыт бойынша 30 шетелдік авиакомпания орындайды.**




(Дереккөз:mediabase.kz).

### Жолаушылар үшін ыңғайлы әрі тартымды

Соңғы жылдары әуе көлігі жолаушылар үшін ыңғайлы әрі тартымды болуда. Мысалы, Қазақстанда жыл сайын әуе тасымалы 10–15%-ға артуда. 2024 жылы қазақстандық авиакомпаниялар 15 млн-ға жуық адамды тасымалдады, әуежайлар 30 миллион жолаушыға, оның ішінде шетелдік авиакомпаниялар мен азаматтарға қызмет көрсетті. 2024 жылы жүк тасымалы көлемі – жылына 28 мың тоннаға ұлғайды.

Отандық әуе тасымалдау жүйесін дамытудағы маңызды элемент ұшақтар паркін жаңарту. Ол жыл сайын 10–15 әуе кемесімен толықтырылады. Бүгінгі таңда Қазақстанның авиапаркі 102 ұшақты құрайды.

Өткен жылы ірі түйіндік хабтарды дамыту мақсатында әуе көлігі инфрақұрылымын жаңғырту аясында үш жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілгені белгілі. Мәселен, Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жолаушылар терминалының өткізу мүмкіндігі ұлғайды. Шымкент қаласы әуежайының жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі жылына 800 мыңнан 6 млн жолаушыға дейін ұлғайды. Жаңа терминал халықаралық әуе бағыттарының санын 10-ға, рейстерді аптасына 24-ке дейін арттырды. Джидда, Медина (КСА), Доха (Катар), Фукуок (Вьетнам) және Пхукетке (Тайланд) әуе қатынасы ашылды. Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының өткізу мүмкіндігі жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін өсті. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласынан 25 ішкі рейс орындалуда.

### Жаңа жобалар басталды

**Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда ішкі туризм мен жолаушылар әуе тасымалын дамыту үшін Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында үш жаңа әуежай құрылысы басталды.**



Жаңа үш әуежайға қатысты жобаларды іске асыру аталған өңірлердің экономикасының дамуына тың серпін бермек, сондай-ақ отандық және шетелдік туристердің келуіне ықпал етпек. Жергілікті тұрғындар үшін қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Еліміздің халықаралық әуежайларында ана мен балаға арналған бөлмелер, валюта айырбастау пункттері, пошта байланысы, сымсыз интернет бар. Сондай-ақ, онлайн тіркеу процесін жылдамдату үшін бірқатар әуе компаниялары мобильді қосымшаларды енгізді. Көрсетілетін қызметтер барлық санаттағы азаматтар үшін сапаны және қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Қазақстанның әуежайларында ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Жерүсті қызметінің мамандары алғашқы медициналық көмек көрсету, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды сүйемелдеу бойынша тұрақты арнайы оқудан өтеді. Амбулаторлық көтергіштер, арнайы арбалар, көзі нашар көретіндерге арналған арнайы жолақшалар мен дыбыстық навигация жүйелері бар.

**Бүгінде Қазақстаннан халықаралық әуе қатынасы 31 елмен (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия, Беларусь, Әзербайжан, БАӘ, Сауд Арабиясы, Катар, Иран, Оман, Египет, Кувейт, Оңтүстік Корея, Қытай, Үндістан, Вьетнам, Тайланд, Моңғолия, Камбоджа, Малайзия, Мальдив аралдары, Шри-Ланка, Түркия, Ұлыбритания, Германия, Италия, Нидерланды, Польша, Чехия) аптасына 582 рейс жиілігімен 117 бағыт бойынша орнатылды.**

### «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы

«Skyhansa» қазақстандық-германдық компаниясы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында қуаты сағатына 500 адамға дейінгі жолаушылар терминалын, сыйымдылығы 550 мың тоннаға дейінгі отын қоймасын, жүктерді 250 мың тоннаға дейін толық өңдейтін жүк терминалын салу, әуе кемелеріне қызмет көрсететін авиациялық-техникалық орталық құру бойынша жобаны іске асыруда. Сондай-ақ, 300-ден астам тұрақты жұмыс орнын құра отырып, халық үшін туристік және сауда, ойын-сауық қызметтерін дамыту жоспарланған.

**Жолаушылар әуе тасымалдары көрсеткішінің өсуі, маршруттардың артуы ішкі және шетелдік туризмді дамытады. Бұл ел өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын арттырады.**

Қазақстан авиациясы саласының дамуы мен халықаралық танылымы ұшу қауіпсіздігіне байланысты. ТМД елдері арасында ең жоғары көрсеткіш – Қазақстанда, еліміздегі ұшу қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейі 82%-ды құрайды. Бұл нәтижелер Қазақстандағы авиациялық туризмді дамытуға, сондай-ақ, еліміздің экономикалық әлеуетін нығайтуға және оның халықаралық аренадағы тартымдылығын арттыруға септігін тигізеді.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз: primeminister.kz.).**



ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА

**Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-ның мамандары қарт науқастарды емдеудің оңтайлы әдістерін тиімді қолданып келеді. Сондай заманауи технологиялардың бірі – TAVI отасы, яғни қолқа қақпақшасын имплanттау. Бұл туралы бізге аталмыш институттың баспасөз қызметі мәлімдеді.**

# ҚЫМБАТ ОТАЛАР ТЕГІН ЖАСАЛАДЫ

## TAVI – қарт науқастарды емдеудің оңтайлы заманауи әдісі

**Нұржамал ӘЛІШ**

Иә, біздің елде, оның ішінде Алматыда көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы шет елдегіден кем емес. Себебі, жоғары білікті медицина мамандары және жоғары технологиялық клиникалар бар. Сондықтан отандастарымызға шет ел асып керегі жоқ.

TAVI – әлемдік деңгеймен қарағанда ең қымбат тұратын операция. Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында аорта қақпақшасын орнату операциясы алғаш рет осыдан сегіз жыл бұрын жасалған. Содан бері білікті мамандар 70-ке жуық адамға ота жасап, өмірін сақтап қалды. Жоғары технологиялы TAVI операциясы тегін жасалады. Шамамен 1-2 сағат созылады. Бұл ота үстелінде жатқан пациенттер үшін жеңілдеу болғанымен, дәрігерлерден асқан шеберлікті, дәлдікті және біліктілікті талап етеді. Қолқаның биологиялық қақпақшасы аяқ санындағы күретамыр арқылы енгізіледі. Яғни ашық операция жасалмайды. Нәтижесінде қарт кісілер мен созылмалы ауруы бар науқастар операциядан кейін тез аяққа тұрып кетеді. Ота жасалған науқастардың арасында жасы 90-нан асқандары бар екенін айта кету керек.

Заманауи технологиямен жабдықталған институтта адамдар еліміздің барлық өңірінен келіп ем қабылдайды. Біздің дәрігерлерден шипа іздеп келетін шетелдіктер де бар екен. Дәлірек айтсақ, Германия, Польша, Қытай, Куба, Ресей, Грузия, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан және Қырғызстан азаматтары емделген. 2023 жылы өзге мемлекеттен 13 науқас келіп емделсе, былтыр 25 шетелдік біздің дәрігерлердің көмегімен аяққа тұрған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Александр НОВИКОВ,**
**70 жастағы алматылық тұрғын:**

**«Қазір өзімді жақсы сезінемін»**

– Коронавируспен ауырғаннан кейін жүрегім әлсірей бастағанын сезетінмін. Тынысым тарылып, аяқ тастам жер жүру де мұңға айналды. Дәрігерлер жүректегі қолқа қақпақшасының нашарлағанын және биологиялық жасанды қақпақша қою керектігін айтты. Толыққанды медициналық сараптама жасалғаннан кейін мені порталға қойып, мемлекеттік квота арқылы TAVI операциясын жасады. Операциядан кейін денсаулығым түзеле түсті. Қазір өзімді жақсы сезінемін.

***

**Алмат ҚАЛЖАНОВ,**
**Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-ның рентгенхирургы:**

**Науқастар қалыпты өміріне тезірек оралады**

– Критикалық аорта стенозы бар науқастарға аорта қақпақшасын ауыстыру үшін кардиохирургиялық операциялар жасау қауіпті. Әсіресе, егде жастағы науқастар үшін. Кенеттен өліп кетуі де мүмкін. Жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық тәсілдердің арқасында пациенттердің өмірін сақтап қалып, ұзартып және жақсартуға мүмкіндік бар. TAVI – аорта қақпақшасын жасанды биологиялық қақпақшамен ауыстырудың заманауи, аз инвазивті әдісі. Осының арқасында оңалту уақыты қысқарып, науқастар қалыпты өміріне тезірек оралады.

АЛМАТЫ ЕРІКТІЛЕРІ

# «КЕЛЕШЕК» ЕРІКТІ ЖИНАҚТАУ ЖҮЙЕСІ

## Сәтбаев университеті жаңа мүмкіндіктер ұсынады

**Осы аптада Сәтбаев университеті мен «Қаржы орталығы» АҚ жаңа меморандумға қол қойды. Бұл келісімге университет ректоры, Басқарма төрағасы Мейрам Бегентаев пен «Қаржы орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Асқар Ибраимов қол қойды.**



**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ**

Осы меморандум аясында «Келешек» ерікті жинақтау жүйесіне қатысушыларға оқу ақысынан 20%-дан 50%-ға дейінгі жеңілдіктер ұсынылады. Сәтбаев университеті Мемлекет басшысының «Келешек» ерікті жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі бастамасын қолдай отырып, бағдарламаға қатысушыларға елеулі жеңілдіктер беріп отыр.

**ҰСЫНЫЛҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР:**

***• Жетім немесе ата-анасының қамқорынсыз қалған талапкерлерге 50% жеңілдік;***
***• Көпбалалы отбасынан шыққан талапкерлерге 30% жеңілдік;***
***• Тұрмыс жағдайы толық қамтылмаған отбасынан шыққан талапкерлерге 25% жеңілдік;***
***• Басқа талапкерлерге 20% жеңілдік ұсынылады.***

«Қаржы орталығы» АҚ-ның Басқарма төрағасы Асқар Ибраимов бұл бастаманың маңыздылығын айта келіп, меморандумға қол қою арқылы жастардың білім алуына және дамуына қолайлы жағдай жасалатынын баса белгіледі.

*«Жоғары білім алу – бұл тек болашақ мамандыққа қадам ғана емес, әр адамның өз әлеуетін толық іске асыруына мүмкіндік береді. Осы арқылы еліміздің дамуына үлес қосу мүмкіндігі ашылады»,* – деді ол.

Бұл бағдарлама мемлекеттік білім беру грантына ие болмаған, бірақ «Келешек» жүйесі арқылы оқу құнының жартысын жинақтай алған талапкерлер үшін маңызды мүмкіндік болып табылады. Олардың Сәтбаев университетінде оқу кезінде жоғарыда аталған жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігі бар.

Сәтбаев университетінің ректоры Мейрам Бегентаев өз сөзінде:

*«Келешек» бағдарламасына қолдау көрсету – бұл Мемлекет басшысының бастамасын қолдаудан бөлек, біздің негізгі мақсатымыз бен мүддемізді іске асыру болып табылады. Біз техникалық білім беруді сапалы әрі қолжетімді етіп, еліміздің дамуына инновациялар жасауға тырысамыз.*

*Бағдарламаға қатысушыларға тек қаржылық жеңілдіктер ғана емес, сондай-ақ Сәтбаев университетінің білім беру және ғылыми қауымдастығының бөлігі болу мүмкіндігі беріледі»,* – деп атап өтті.



Меморандум аясында университет пен «Қаржы орталығы» АҚ тарапынан дарынды студенттерге қолдау көрсету мен қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінде бірлескен жұмыстарды күшейту көзделуде. Сонымен қатар, жаңа білім беру бастамаларын енгізуге де күш салынатын болады.

ТҰРҒЫН ҮЙ



# ТӨМЕН ПАЙЫЗБЕН БАСПАНА

## Алматы әкімдігі «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша қосымша өтінім қабылдауды қорытындылады

**«Алматы жастары» бағдарламасы – Алматы қаласындағы жас мамандардың тұрғын үйге қол жеткізуіне арналған тиімді жоба. Бағдарлама жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадам.**

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Алматының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы 2024 жылдың 29 шілдесі мен 7 тамызы аралығында өткен «Алматы жастары» бағдарламасының қосымша кезеңін қорытындылады.

• денсаулық сақтау – 456,
• білім беру – 773,
• мәдениет – 95,
• спорт – 23,
• ЖОО және ҒЗИ – 196,
• БАҚ – 40,
• әлеуметтік сала – 75,
• коммуналдық қызметтер – 139,
• жұмыс істейтін жастар – 75.

**Қорытынды нәтижесі бойынша 759 өтінім мына салалар бойынша мақұлданды:**

* денсаулық сақтау – 210,
* білім беру – 332,
* мәдениет – 24,
* спорт – 3,
* ЖОО және ҒЗИ – 74,
* БАҚ – 22,
* әлеуметтік сала – 18,
* коммуналдық қызметтер – 56,
* жұмыс істейтін жастар – 20.

Мамандардың айтуларынша, www.almaty-zhastary2024.kz платформасында 2757 қатысушы өтінімін түзетіп, олардың 1872-сі мына бағыттар бойынша құжат тапсырған. Оның ішінде ең жоғары балл жинаған 183 қатысушы төлем қабілетін растау үшін жолдама алады. Енді осы жолдама алған қатысушылар 15 жұмыс күні ішінде «Отбасы банк» АҚ-ның кез келген қызмет көрсету орталығына жүгінуге тиіс.

Төлем қабілетін растаған соң олар 45 күнтізбелік күн ішінде бастапқы немесе қайталама нарықтан тұрғын үй таңдай алады. Қалған 576 қатысушы алғашқы үміткерлердің төлем қабілетін растау мерзімі аяқталғанға дейін резервке енгізілді.

**Айта кетейік, Тұрғын үй, зейнетақы аударымдары және басқа да қажетті анықтамалардың болмауынан 1113 өтінім қабылданбады. Толық ақпаратты www.almaty-zhastary2024.kz сайтынан алуға болады.**

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

# ТҰРҒЫНДАРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

**Бұрнағы күні Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин аудан тұрғындарымен кездесу өткізді. Алмалылықтардың басын қосқан жүздесу Ілияс Есенберлин атындағы №25 гимназияда өтті.**

**Құралай ЖҰМАДІЛОВА**

Қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура жане полиция кызметкерлері, аудандық басқармалардың өкілдері қатысқан жиында аудан басшысы 2025 жылға арналған жоспарлар туралы айтып, одан кейін тұрғындарды толғандырған мәселелер бойынша сұрақтарға жауап берді. Арасында МИБ төрағалары да, ауданда салынып жатқан тұрғын үй кешендерінің өкілдері де өз өтініштерімен келіп, мазалаған сауалдарына жауап алды.

Кездесу барысында аудан тұрғындары көпқабатты үйлердің жертөлелеріне меншік құқығы және олардың жағдайы, аулаларды абаттандыру, ағаштардың заңсыз кесілуі, көгалдандыру және ауаның ластану мәселелеріне алаңдаушылық білдірді. Жиында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша учаскелік полициялардың да жұмысы назардан тыс қалмады. Шағын және орта бизнес өкілдерінің көпқабатты үй тұрғындарымен қарымқатынасы; әлеуметтік мәселелер, қыс маусымындағы тазалық шаралары жан-жақты талқыланды. Аудан әкімі тұрғындар көтерген барлық мәселелер назарға алынатынын және олардың шешімі бақылауда болатынын айтты.

*– Сіздер көтерген мәселелердің барлығы ескерусіз қалмайды. Әлеуметтік желіде ауданымыздың арнайы ресми парақшасы бар. Сұрақтарыңызды сол платформаларда да қоя аласыздар. Ауданымызды бірге жақсартайық!* – деп сөзін қорытындылаған аудан әкімі.

Кездесу аудан халқы мен әкімдік арасындағы байланыс пен сенімді нығайтуға мүмкіндік берді. Мұндай іс-шаралар тұрғындардың мәселелерін жедел шешуге және ауданның дамуына ықпалы зор екенін айта кеткен жөн.

БРИФИНГ

**Алматы қалалық қан орталығының директоры Жандос Надиров Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қан қызметінің былтырғы қорытындысы туралы айтты. ҚҚО еліміздегі донациялар саны бойынша Астана қаласындағы Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығынан және Шымкенттегі ҚҚО-нан кейінгі үшінші орында.**

# АДАМҒА ӨМІР СЫЙЛАҢЫЗ

## Былтыр алматылық донорлар 15 мың литрден астам қан тапсырды

**Нұржамал ӘЛІШ**

Бір жыл ішінде 19788 қан донациясы жүргізілді, 15659 литр донорлық қан дайындалды және 38607 доза қан компоненттері берілді. Қан компоненттерін бір жылда 8665 пациент алған, ал трансфузиялардың жалпы саны 37347-ні құраған. Спикердің айтуынша, жұмыстың маңызды бөлігі жылжымалы контейнерлермен барып қан тапсыру болды, олар жалпы санның 38,1%-ын құрады. Мұндай іс-шаралар әскери бөлімдерде, жеке және мемлекеттік ұйымдарда, соның ішінде «Халық лайфта», «Яндексте» және басқа да орындарда өткізіледі.

*«Біз донорлыққа адамдарды көптеп тартуға тырысамыз, өйткені әрбір қан тапсырушы үш адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін»,* – *дейді спикер. Донорлардың денін Алматы тұрғындары құрайды – 70%, ал 30%-ы көрші облыстан келеді. Донорлардың тең жартысы – 18–35 жас аралығындағы жастар. «Донорлық – бұл мұқтаж адамдарға көмектесу ғана емес, сонымен қатар денсаулықты қалыпта ұстау тәсілі. Біз жылына кем дегенде бір рет қан тапсыруды ұсынамыз»,* – дейді Жандос Надиров.

ҚАДЫР МЫРЗА–ӘЛИ – 90

# «АҚШАМНЫҢ» АФОРИЗМІ

## айдары қалай пайда болды?

**«Ұлылардың туған күні болады, өлген күні болмайды» деген сөз рас. Қазақ үшін сондай тұлғаның бірі – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, аса көрнекті ақын Қадыр Мырза-Әли.**



Расында, бүгінде қайда барсаң да алдыңнан Қадырдың сөзі шығады. Қыл аяғы тамадаларға дейін Қадырмен күн көріп жүр. Мектепке барсаң да таңдайы тақылдап өлеңін оқып тұрған бала. Тіпті, өлім-жітімде де Қадыр сөзі ауызға алынады.

Әрине, ол алдымен сан қырлы, тағдырлы талант. Сол бір қыры – оқымыстылығы, оқыған кітаптары туралы айту да бір қызық.

Кеңес өкіметі тұсында басқа үлкен қалалардағы тәрізді Алматыда да қара базар болған. Қадыр аға тәрізді оқымысты кісілер күн шықпай сол базарға баратын...

– Таңалакеуімде байеке (жеңгеміздің отағасын байеке деп атауының да сыры бар. Жеңгеміздің әкесінің аты да Қадыр. Содан ақылдаса келе осылай атауды ұйғарған) бір жерге барып келіп жүретін. Әуелде біртүрлі ұрлық жасайтын адам тәрізді аландап, алабұртып кететін де, қайтарында қуанып келетін. Сөйтсем, таптырмайтын қымбат кітаптарды не айырбастап, не сатып алып келеді екен ғой. Шайды қантсыз ішсе де кітап алатын. Ал енді қуанғанын айтпаңыз, – дейді ақынның жары Салтанат.

Қайсыбір жылы Кадекеңнің сол тірнектеп жиған дүниесінің Орал қаласына көшірілуінің куәсі болдық. Бұл ақынның өзі жазған «Көшінен» кейінгі екінші «Көші» болар, сірә. Осыған дейін де Алматының өз ішінде бір жерге көшкенде Қадекеңнің кітаптары бір КамАЗ прицепімен, екі Газельмен көшіріліп, жертөленің өзінен 2,5 мыңдай кітап шыққан. Содан осынау баға жетпіс мұра ақынның 80 жылдығына орай Оралда Қадағаңның атымен ашылған үш қабатты ғылыми-танымдық, мәдени орталыққа орналастырылды.

Осынау ұлт руханияты үшін маңызы орасан зор оқиғаның жеңгейге де оңай соқпағаны рас. Өзі айтқандай, көзін ашқаннан көргені осы кітаптар. Кітапханаға әр кіріп шыққан сайын Қадағаңның өзі жұмыс істеп отырғандай күй кешетін апамызға моральдық тұрғыдан қиын болғаны рас. Осы бір қамкөңіл сәттің пердесін сыпырып жібергісі келді ме, бір әңгіменің арасында қағаберісте құдайы көршісі, қашаннан тапқыр Әшірбек Сығай: «кітаптарды дұрыстап қарадыңыз ба, арасында ақша жоқ па екен» деп жұртты қоса күлдіріп алды. «Айтқандай, ондай да болды» деді жеңгей.

Біздің бір бақытымыз, ақынның кітапханасында, кабинетінде талай мәрте болдық. Жұмыс істеу, әсіресе, кітап оқу тәсілімен де аз-кем хабарымыз бар. Бір ғажабы, бұл кісі бір дерек іздеу үшін біз секілді әр кітапқа үңіліп қара терге түспей, керек деректі керек кітаптан тез таба қояды. Себебі, әр кітапқа, соның ішіндегі деректерге; сөйлемдерге дейін арнайы картотека жасап қойған. «Өзіңдікі қанша дегенмен өзіңдікі ғой. Қай кезде де еркін пайдаланасың» деп отыратын. Тіпті, кабинетінен шыққан адамды қапсыра құшақтап шығарып салатыны да көпшіліктің есінде әзіл әңгімемен қалған. Қанша тәптіштеп айтсақ та, Қадағаңның өзіндей айта алмаспыз. Бұл кісіден сөз қалған ба, тіпті кітапқа деген құмарлығын да былай білдіріпті: «Құлыбыңды аштым кілт болып, Қақпа боп тұрсаң еңселі». Дала...

Қайран Қадаған, бізге біреудің ізіне түсіп, түнде көлеңке іздеп мақала жазбай-ақ, тауып айтылған бір ауыз сөзбен-ақ қоңыр газет шығаруға болатынын ұқтырып еді. Әсіресе, бірінші беттен «Ақшамның» афоризмі» деп ақынның сөзін әкемізің сөзіндей иеленіп алған айдар аштық. Бұл айдар бірден оқырман көңілінен шықты. Тіпті, кейбір белсенді оқырмандар осы айдарға нақылдарын жіберіп отыратын болды. Афоризмдердің өміршең болғаны сонша, билік дәлізінде көбірек жүреміз ғой, сонда әдебиеттен алыс адамдардың (шенеуніктер) Қадағаң шығатын күнді асыға күтіп, қойын дәптеріне түртіп жүретінін де, кей тойларда кейбіреулердің тост берілгенде осы нақылдарды орайын тауып пайдаланып жататынын да байқап қалатынбыз. Қысқасы, Қадағаңның арқасында дүниеге келген «Ақшамның» афоризмі» күні кешеге дейін ойлы оқырмандарына қызмет етіп келді.

**Қали СӘРСЕНБАЙ.**

КІТАПХАНАДАҒЫ КЕЗДЕСУ

# АДАМ ЖАНЫНЫҢ СУРЕТКЕРІ

## бүкіл ғұмырында сегіз мыңға жуық кітап жинап, бәрін оқып шыққан

**«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп жырлаған белгілі ақын, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, еліміздің алғашқы Әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі Қадыр Мырза-Әлидің 90 жылдығына орай Алматыдағы А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Өзі де, сөзі де халқымен бірге...» атты әдеби кеш өтті.**

**Нұржамал ӘЛІШ**

Кешке ақынның жары Салтанат Мырзалиева, қазақтың аяулы ақын қызы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Отан» орденінің иегері Ақұштап Бақтыгереева және ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Желтоқсан қаһарманы Аманғазы Кәріпжан келді. Сондай-ақ, кітапхана оқырмандары мен шығармашылық әлемге жақын жоғары сынып оқушылары қатысты.

Ақынның зайыбы Салтанат Мырзалиева жастарға көрнекті қаламгердің өмір жолынан сырлы әңгімелер шертіп, ақынның отбасына да, қаламы да адал болғанын айтты. Ал ақын Аманғазы Кәріпжан Қадыр Мырза-Әлидің өзіне университетте сабақ бергенін, дәрісін студенттер ұйып тыңдайтын еді деп, әсерлі естеліктерімен бөлісті. Ақынның «Аманғазы, өнерлі, өмірлі бол»! деп қолтаңба жазып берген «Көкпарын», «Сөз сиқыры» деген кітабын әлі күнге сақтап жүргенін айтты.

Қадыр Мырза-Әли Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған «Балдырған» балалар журналынан бастаған. «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» және «Балауса» баспаларында еңбек еткен.

Қадыр Мырза-Әлидің балалық шағы аштық, соғыс, саяси қуғын-сүргін жылдарымен тұспа-тұс келген. Ерте жетім қалып, кедейлік тауқыметін тартқан. Алайда, көп білуге құштар болып өскен балақай тағдырына кектенбей, тек жақсылыққа ұмтылған. Балалық шағынан кітапқұмар болған. Ауыл кітапханасының сөрелеріндегі барлық кітапты оқып тауысқан. Тіпті, көркем шығармаларды екі қайтара оқып шыққан деседі. Кітапханаға жаңадан келетін кітаптарды жол қарап күтетін болған. Бүкіл ғұмырында сегіз мыңға жуық кітап жинап, бәрін оқып шыққан. Ең алғашқы өлеңін 6-сыныпта оқып жүргенде, 11 жасында жазыпты.

Дарынды қаламгер барлық тақырыпта қалам тербеген. Жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді. Көзі тірісінде жарық көрген 18 томдық шығармалар жинағының жартысынан көбі поэзия, сосын аудармалар. Өлеңдері орыс, неміс, эстон, қырғыз, татар, ағылшын, француз, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылған. Орыс тілінде 13 өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақынның мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға, орта және жоғары сынып оқушыларына арналған өлеңдерден тұратын кітаптары бар. Балаларға арналған шығармаларының ішінде «Күміс қоңырауы» қазақ балалар әдебиетінің классикасы болып қабылданды.

Ол жаңылтпаштар мен жұмбақ, мысалдар мен тапсырмалар, мектепке дейінгі жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған ертегілер жазды. Сонымен қатар, қазақ оқырмандарын әлем халықтарының жұмбақтарымен таныстырған. Жүзден астам ұлттың жұмбақтарын жинап, аударған.

Ал сөз сүлейінің әнге арнап жазылған өлеңдері 200-ден асты. Олар «Күндер-ай» атты жинақ болып бөлек басылып шықты. Сондай-ақ, «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты өткір сатиралы комедиялары мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты және «Әмір Темір» кесек драмалық шығармаларының да шоқтығы биік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:**

# ҰЛТЫН СҮЙГЕН АҚЫН

*Балапандар, айналайын, мына отырған сендерді бүгін осынау кітапханаға қинап жинамаған шығар деп ойлаймын. Көздеріңе қарап бірдеңе білгісі келетін ұрпақты көріп тұрғандаймын. Әйтпесе, қазір әлеуметтік желіге байланған бәрі. Ал кітаптың орны бөлек. Адамды адам еткен – кітап. Қадыр Мырза-Әли де ұлтын сүйген ақын. Ол, әсіресе, өздеріңдей балаларға мол мұра қалдырды.*

*Қазір үлкен-кіші түгел салиқалы жиындарда «Қайда жүрсем атамекен, Көкейіңде жатады екен. Күннің өзі қимай оны, Ұясына батады екен» деп шырқайды. Бұл әнді естігенде кеудеміздегі жүрегіміз тарсылдап кетеді әлі күнге. Міне, Қадыр аталарың бізге ата-бабамыз сыйлап кеткен ұлы қазақ даласын осылай сүюді үйретті. Иә, қазір заман басқа. Ілім, ғылым іздеп шетелге оқуға кетерсіңдер. Жұмыс істерсіңдер, бәлкім. Бірақ бәрібір көкейіңде атамекен жатуы керек.*

*«Екі көзің не үшін керек? Жақсыларды көру үшін! Екі қолың не үшін керек? Елге көмек беру үшін! Құлақ деген не үшін керек? Ақыл-кеңес тыңдау үшін! Жүрек деген не үшін керек? Жауларымнан қынбау үшін! Тіл мен жағың не үшін керек? Ақиқатты айту үшін! Ал аяғың?.. Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін!» деп жырлайды ақын. Осы бір қарапайым шумақтарда туған елге деген қаншама сүйіспеншілік, махаббат жатыр, балалар! Атамекенді сүюдің бұдан артық қандай үлгісі болады?!*

*Жақсы, сен математиканы немесе химияны жақсы білесің. Бірақ ұлтың жайында білгің келсе, көмекке Қадыр аталарыңның өлеңдері келеді. Қазақ ұлты қызыл қырғында да, ашықта да, сұм соғыста да жоғалмаған. Бізге әрдайым рух берген Қадыр аталарың секілді тұлғалардың өміршең туындылары болған. Соған қызмет еткен ұлы қаламгерлерді оқып жүріңдер. Ұмытпаңдар. Сонда сендер де өмірден бақыт табасыңдар.*

«АҚШАМНЫҢ» АФОРИЗМІ

Қадыр МЫРЗА-ӘЛИ:

## ӨЗ ТІЛІҢ – БІРЛІК ҮШІН, ӨЗГЕ ТІЛ – ТІРЛІК ҮШІН

Тобыр көкжиектен әріні көрмейді, бірақ мінберді бермейді.

***

Төзе берген Ел тозып тынады.

***

Ұлтын сүймеген ұл – рухани құл.

***

Елін сатқан – ез, жерін сатқан – жілік.

***

Адамзатты сүю Ұлтты сүюден басталады.

***

Ауылда туысқандар, қалада жұғысқандар тұрады.

***

Ауылда қарыз береді, қалада арыз береді.

***

Жердің түндігі бір, Адамзаттың кіндігі бір.

***

Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін.

***

Өзге тілде сайрау қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.

***

Тілі қатты таяқ жейді, тілі тәтті жая жейді.

***

Тіл сабап береді, бас жауап береді.

***

Көзге сыймайтын тау, сөзге сыяды.

***

Сөз жұту тас жұтудан да ауыр.

***

Идиоманы идиоттар ғана бұзады.

***

Махаббат көзден, ұғыну сөзден басталады.

***

Түк шықпаған адамнан бәрі шығады.

***

Адам аяғынан тозады, құлағынан азады.

***

Социализм – сауын сиыр, капитализм – қорқау.

***

Өнер дегенің өмірдің өзін жөндейді.

***

Адамзатты адамзат қылып ұстап тұрған – Өнер.

***

Әйелге берген ақшаның болашағы жоқ.

***

Сұлу қартаяды, талант марқаяды.

***

Таланттың тууы қиын, туғаннан кейін дүниеге сыюы қиын.

***

Таланттың терісі қалың, қалтасы жұқа.

***

Дарын береді барын, дарынсыз алады бәрін!

***

Дарын – ұлттық арың.

***

Дарын – қыспақта, дарынсыз – ұшпақта.

***

Дарынның өзі барып тұрған байлық, алатыны болар-болмас айлық.

***

Шын дарын өмірдің қасіретін өнердің қасиетіне айналдырады.

***

Дарында дауа жоқ.

***

Шындық жылатады, өтірік жұбатады.

***

Ақиқат аямайды, өтірік аялайды.

***

Шындық ширатады, өтірік қиратады.

***

Кейбір шындықты айтпақ түгілі, тыңдаудың өзі қауіпті.

***

Шындықтың қыры көп, өтіріктің жыры көп.

***

Ақиқат айтқан адамнан гөрі, естіген адамға жақсы.

***

Шындықты қапасқа қамап қойсаң, шындыққа ұқсас өтірік көбейіп кетеді.

***

Шындық көбіне-көп ескі костюммен жүреді.

***

Театрды таза өмір деу қиын, ал тірлік – барып тұрған театр.

КЕЛБЕТ

# БЕКЗАТ БОЛМЫС ИЕСІ



**«Мықты оқытушы болғың келсе, беретін пәнің мен оқытатын шәкіртіңді жақсы көруің керек» депті екі ғасыр бұрын орыс тарихшысы, профессор Василий Ключевский. Ал пәнін де, шәкіртін де жақсы көретін екі ұстаз болса, соның бірі есімі «Қазақ әдебиеттанушылары» энциклопедиясына енген білім иесі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Журналистика факультетінің профессоры Айгүл Рамазан десек, қателеспеспіз.**

Бұлай дейтін себебіміз, шәкірттерінің ол кісі туралы «апай қатаң болып көрінеді, бірақ сол қатаңдықтың артында бізге мүмкіндігінше көп нәрсені үйретуге деген ерекше ықылас, аяулы қамқорлық жатады» дегенін өз құлағымызбен естідік.

Расында да, филология ғылымының докторы Айгүл Әмірғалиқызы – заманауи, талантты ұстаздың жарқын мысалы. Бекзат болмыстың иесі. Жұмсақ, мәдениетті жан. Бірақ ұлттық мүддеге байланысты мәселеге келгенде тастай қатты. Ұлттық позицияны қолдан бермейтін ұстаз. «Талапшыл және принципті, бірақ тақырыпты тереңірек зерттеуге шабыттандырады. Дәрістерінде дискуссияға да жол ашып отырады» дейді шәкірттерінің бірі, PhD докторы А.Ақынбекова.

Айгүл Рамазан – ғылымда жетістікке жете білген тұлға. Бастаған кез келген дүниесін толық аяқтауды, толық меңгеруді мақсат ететін, мұратына жетпей тынбайтын жан. Еңбекқор.

Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін 1987 жылы үздік дипломмен тәмамдаған соң «Өнер» баспасында редактор болып қызмет атқарған. 1989–1993 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранты болып, 1993 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған.

«Ғалым қыздар арасынан біліктілігімен дараланып тұратын Айгүл – Серік Мақпыровтың ең алғашқы аспиранты. Ол әдебиетші Амантай Оспанов екеуі бір күнде кандидаттық диссертация қорғады. Біз бұл қорғауға бастан-аяқ қатыстық. Себебі, Айгүлмен қатар оқығанбыз, ал Амантаймен сол тұста «Жас Алашта» бірге қызмет істейтін едік. Екеуінің тақырыбы да біріненбірі өтеді. Айгүл қазақ повестеріндегі экология тақырыбын тамаша жіктеп-жіліктеген еді» деп жазды кезінде белгілі қаламгер, академик Бауыржан Омаров.

«10.01.10» журналистика шифры бойынша докторлық диссертация қорғаған ғалымның саны он саусаққа да жетпейді, солардың бірі әрі бірегейі – Айгүл Әмірғалиқызы Рамазан. «Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, совет дәуірінде, тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезде қазақ тілін жоймақ болған әрекеттерді толық әшкерелеген, толымды еңбек жазып шығады.

*– Отарлық кезеңдегі тіл саясатын зерттей отырып біраз жайтқа қанықтым. Әліпби ауыстырудағы, ұлт мектептерін жоюдағы, ұлт тілін тұқыртудағы, жергілікті баспасөзді жоюдағы басты мақсат – ұлтсыздандыру болатын. «Бір тілді, бір ұлтты ел» болудағы саяси жоспар «біртұтас совет халқы» концепциясымен бүркемелене отырып, біртіндеп жүзеге асқан. Бір-екі жылда 700-ден аса қазақ мектебінің жабылуы да осы жоспарға сай келеді. Қазақ тілі жайында мәселе көтерген журналист Рахманқұл Бердібайдың басы пәлеге қалып, партиядан шығарылып, жұмыстан қуылатыны да осы кез. «Коммунизмге жетуде қазақ тілі тормоз болды» деп делқұлы мақала жазылатын да осы кез,* – дейді Айгүл Әмірғалиқызының өзі.

А.Рамазанның «Әлем баспасөзі тарихынан» (авторлық бірлестікте), «Шет ел журналистикасының тарихы» атты оқу құралдары мен монографиялары жарық көрген. 100 шақты ғылыми мақаланың, бірнеше типтік бағдарламаның иесі.

Айгүл Әмірғалиқызы өзінің нағыз ғалым ғана емес, іскер басшы екенін де дәлелдеді. 2018 жылы Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушілігіне келе салып, бес жылдың ішінде «Медиадизайн» (2020 ж.), «Баспа менеджменті және типографика» (2021 ж.), «Цифрлы медиа драматургиясы» (2023 ж.) сияқты мамандықтар ашты. Кафедрада Бангладеш, Қытай, Ресейден шетелдік студенттер оқиды. Түркияның Мармара университетімен келісім-шарт жасасып, магистранттарды тәжірибеден өткізіп жүр.

Бұл кісі келгенде кафедра студенттерінің саны 100-ге жетпесе, қазір 400-ден асады екен. Міне, көрсеткіш!

Айгүл Рамазан қазір 1917 жылы жарық көрген «Сарыарқа» газетін терең зерттеп жүр. Профессордың ғылыми жетекшілігімен шәкірті Алтын Ақынбекова докторлық диссертация қорғады. Былтыр «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не сіңірген еңбегі үшін» күміс медалімен марапатталды. Жүздеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаздың ҚазҰУ-ге еңбегі сіңгені рас, Астанадағы, Семейдегі университеттерде бірнеше жыл дәріс оқыған үзілісі болмаса, Қазақ ұлттық университетінде сабақ беріп жүргеніне отыз жыл толыпты.

Үш баланың анасы, әзірге екі немеренің әжесі болып отырған, алпыс жасқа үлкен абыроймен келіп жатқан білікті ұстаздың журналистік, сыншылық, зерттеушілік, педагогтік қасиеттері турасында тұстастары, шәкірттері, әлі де болса, кеңінен таркатып жазары анық, біз болсақ, осы бір шағын дүниеде ол кісінің нағыз ғалым екенін көрсеткіміз келді.

**Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ,**
**жазушы.**

ӨНЕР КӨКЖИЕГІ

# СТАМБУЛ ТЕАТРЫ

## актерлік шеберлік алаңына айналды

**«Алатау» дәстүрлі өнер театрының бір топ актері Түркияның Стамбул қаласындағы білім жетілдіру курсына аттанып, Анадолы елінен ерекше сезіммен, шығармашылық шалқар шабытпен оралды.**

**Айнабай МӘДИ**



Бір өзінде 20 миллионға жуық адам қоныстанған, 3 мыңнан аса мешіті бар, Босфор теңізін жайлаған тарихы көне, жасампаз шаһардың қым-қуыт тірлігі қызып жатқан түс. Өнер мамандары үлкен аумақты алып жатқан Ататүрік атындағы Мәдени орталықты тамашалап, 2000 орынды опера театры мен 800 орынды драма театрының акустикалық-техникалық әлеуетін сезініп қайтты.

*«Театр актерлері дәстүрлі сахна өнерімен қатар мұнда актерлік шеберлікті насихаттайтын Teyk sahna театрының ұстаздары – Седа Оғуз, Беркуль Улусой, Утку Четин сынды кино мен театр актерлерінен «Қазіргі театрға классикалық пьесаларды бейімдеу» тақырыбында дәріс тыңдап, кейіпкер құрудан шеберлік сабақтарынан өттік»,* – деді қуанышымен бөліскен театрға қарасты көру және есту мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мәдени демалысын ұйымдастыру бөлімінің қызметкері, танымал журналист Гүлжанат Шонабай.

*«Алатаудай» жас театрдың аймандай актерлері – Дәулет Арипов, Әсет Есжан, Динара Төлепбергенова, Тимур Пиязов, Есенай Ильясов, «Ұлытау» тобының домбырашысы Рүстем Байекеев түрік әріптестермен емен-жарқын пікірлесіп, өзара тәжірибе алмасты. Былтыр, жыл соңына таман «Алатау» дәстүрлі өнер театрының қос бірдей дүлдүлі, дарынды актерлер – Әсет Есжан мен Шаттық Уатқан мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығымен, ал бишілер жетекшісі, хореограф Жанна Жұмабекқызы ҚР Театр қайраткерлері одағының «Еңлікгүл» сыйлығымен марапатталған болатын. Сөйтіп, Түркиядан қайтарда сүйінші жаңалықты естіп, мерейіміз тасыды»,* – дейді ұйымдастыру бөлімінің қызметкері.

Әріптестері алдында марапатталып, мерейі үстем болған актерлер Стамбулдағы 3 күндік байыпты бағдарламаны сәтімен аяқтады. Түрік елінен оралған актерлерге салтанатты түрде сертификат тапсырылды. «Ел асырып, жер танытып, таным-білім көкжиегімізді кеңейтуге мүмкіндік берген «Алатау» театрының әкімшілігіне, Алматы қаласының мәдениет басқармасына үлкен ризашылығымызды білдіреміз» дейді мерейі тасыған театр мамандары.

БІЛІМ

# КӘСІБІН ЖЕТІК МЕҢГЕРГЕН МАМАН

## жұмыссыз қалмайды

**Алматы сервис және технологиялар колледжі – еліміздегі жетекші білім беру ұйымдарының бірі. Қабырғасы сонау ХХ ғасырдын 50-ші жылдарында қаланған.**

Ширек ғасырлық тарихы бар оқу ордасы – «Алматы сервис және технологиялар колледжі» өз кәсібін жетік меңгерген, нарықта сұранысқа ие мамандар даярлап келеді. Қазіргі таңда колледжде 1100 студент білім алып жатыр. Олардың сапалы білім алуларына жан-жақты жағдай жасалған. Заманауи жабдықталған 250 орынды жатақхана бар. Колледжде білім алып жатқан әлеуметтік аз қамтылған, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы отбасынан шыққан студенттер ыстық тамақпен қамтамасыз етеді. Бұған қоса, үздік оқитын, ерекше білімді қажет ететін және ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар үшін жол ақысы және шәкіртақыға үстемақы қарастырылған.

Колледж «Шаштараз өнері», «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу», «Қонақүй бизнесі», «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Туризм», «Химиялық тазалау» сияқты нарық сұранысына сай кәсіби мамандарды даййындап, оқытып келеді.

Кезінде «Қазпромсовет учкомбинатының» базасында құрылған Алматы өнеркәсіптік кооперация техникумы бүгінде еліміздегі ТжКБ жетекші оқу орындарының бірі. Техникумда «Металдарды кесу арқылы суық өңдеу», «Былғары өндірісі», «Бухгалтерлік бөлім» мамандықтары бойынша күндізгі бөлім ашылған. «Тігін өндірісі технологиясы», «Аяқкиім өндірісі технологиясы» мамандықтары бойынша кешкі және сырттай бөлім ұйымдастырылды. «Ағаш-жиһаз өндірісі және металл өңдеу» жаңа мамандығы бойынша оқыту енгізілді. Көп ұзамай техникум базасында тігін шеберханалары ұйымдастырылып, артынша оның атауы ҚазКСР Жоғары және орта арнайы білім министрлігі жанындағы «Жеңіл өнеркәсіп техникумы» болып өзгереді.



Жарқын ЖАНИЯЗОВА,
Алматы сервис және технологиялар колледжінің директоры

Осы уақыт ішінде білім беру бағдарламасына «Мақта-иіру өндірісі», «Аң терісі және қой терісі-тон бұйымдарының технологиясы», «Тоқылған өндіріс технологиясы», «Тұрмыстық мақсаттағы электр аппаратурасы», «Киімді химиялық тазалау және бояу» мамандықтары қосылып, «Жоспарлы-экономикалық бөлімше» және «Техник-электриктер» мамандықтары ашылды. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар (атап айтқанда, есту қабілеті нашар) оқушыларға арналған алғашқы «Технолог-жоспарлаушы» арнайы тобы құрылып, сол жылы «Фототехника» мамандығы ашылды.

Оқу ордасы қазақ өнерінің дамуына да зор үлес қосқанын атап айтуға тиіспіз. Бұған 1976 жылы ашылған «Көркем-костюм бөлімшесі» мамандығы дәлел болса керек. Сол жылдары техникумда еліміздің театры мен киносының, Мәскеу қаласының мемлекеттік академиялық Үлкен театрының, «Мосфильм» киностудиясының белгілі қоюшы-суретшілерімен және режиссерлерімен жиі кездесулер ұйымдастырылды. Сол үрдіс әлі күнге жалғасып, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрымен, республикамыздағы басқа да театрлармен табысты еңбек етіп келеді. Осынау жылдар ішінде «Тоқыма жабдықтарын жөндеу және баптау», «Тігін өндірісі және киімді модельдеу», «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандықтары қазақ тілінде оқытыла бастады. Нарық талабына сай «Әрлеу өндірісінің технологиясы» мамандығы ашылды.

Оқу мекемесі 1995 жылы «Алматы сервис колледжі» болып өзгертіліп, «Қонақүй шаруашылықтары мен туристік кешендерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру», «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы (әлеуметтік қызметкер, заңгер біліктілігі бойынша) ашылды. Алматы қаласы әкімдігінің қаулысы бойынша қалалық Білім басқармасына қарасты «Алматы сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2008 жылы «Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып қайта құрылды.

Колледж ұжымы «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша «WorldSkills Almaty» халықаралық чемпионатына қатысып, бірінші жүлделі орынға, осы жылы Мәскеу қаласында өткен «Этно-Эрато – 2018» ұлттық костюмнің XVIII Еуразиялық Жоғары сән байқауында «Қалалық коллаж» коллекциясымен бірінші жүлделі орынға, «Этно-Эрато – 2019» ұлттық костюмнің XIX Еуразиялық Жоғары сән байқауында «Заманауи костюмдегі этникалық мотивтер» номинациясы бойынша «Самғау» коллекциясымен екінші жүлделі орынға ие болды. Сондай-ақ, Якутск қаласында «Этно-Эрато – 2022» ұлттық костюмнің XXI Еуразиялық Жоғары сән байқауына қатысып, «Үздік Шығыс костюмі» номинациясында бірінші жүлделі орынға ие болды.

Колледждің білікті мамандар даярлауға мүмкіндік беретін оқу-материалдық базасы өте бай. Оқу орнында асхана, жатақхана, акт залы, тігін шеберханалары, химиялық тазалау зертханасы, шаштараз салондары, «Жас маман» жобасы бойынша тігін ісінің ресурстық оқу орталығы және тағы басқа қажетті құрылғылар бар. Заманауи инфрақұрылымға ие оқу орны жас ұрпаққа сапалы білім беру жүйесіндегі маңызды әрі негізгі буын болып табылады.

Колледж «Шаштараз өнері», «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандықтарымен қоса, соңғы уақытта «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша да білім беріп жатыр. «Жас маман» жобасы бойынша шеберлеріміз сырлы оюдың сызбасын нақышына келтіріп, қазақ елінің ғана емес, әлем сахнасын мойындататын сән әлемі авторларының қатарынан көрініп жүргенін мақтанышпен айта аламыз. Бұл ретте оқу орны ерекше қабілетті қажет ететін балаларға тәрбие мен білім бере отырып, еліміздегі біршама кәсіпорындардың сұранысын қамтамасыз етіп отырғанын ерекше атап өткен жөн.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылында колледж Алматы қаласы бойынша алғашқы болып, «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығына Франция елінің Париж қаласынан Еуропалық аймақта жоғары білім сапасын қамтамасыз ету бойынша стандарттар мен ұсыныстардың ағымдағы нұсқасы негізінде аккредиттеуден өтіп, Францияның алдыңғы қатарлы оқу орындарымен өзара іс-тәжірибе алмасу бағытында Меморандумға қол қойды. Колледждің негізгі мақсаты – жеңіл өнеркәсіптің, IT-технологиялардың, сондай-ақ жетекші кәсіпорындары талап ететін қызметтер мен бизнес саласының болашақ мамандарын, қоғамның зияткерлік элитасын дайындау болып табылады.

# НАРЫҚҚА САЙ КАДР ДАЯРЛАЙМЫЗ

**Алматы технологиялық колледжі 1975 жылы даңқы сол кездегі Кеңес Одағына кеңінен танылған атақты АХБК-ға жұмысшы кадрлар дайындау мақсатында ашылған еді. Оқу ордасы «Алматы мақта-мата комбинаты» үшін маман даярлайтын №203 қалалық кәсіптік-техникалық училище деп аталды.**

Сол жылдары оқу ордасына тек өз еліміздің жастары ғана емес, барлық одақтас елдерден арнайы келіп білім ала бастады. Мәселен, 1975–1998 жылдар аралығында училище АХБК үшін тоқымашы, иіруші, ленталық және тегістеу жабдықтарының операторы, орауышы, тоқыма және иіру өндірісі шеберлерінің көмекшілері, мата сапасын бақылаушылар, электр монтерлері, раклистер, тігіншілер мамандықтары бойынша 8120 жоғары білікті маман даярлады.

1991 жылы оқу орны №1 жоғары кәсіптік училище болып қайта құрылса, 1997 жылы Алматы қаласы Білім басқармасының «№1 кәсіптік лицейі» деп аталды. Оқу орны еңбек нарығының, экономиканың талаптарына сәйкес келетін кәсіптер мен мамандықтарға қайта бейінделді. Жаңа оқу-жоспарлау құжаттамасын, модульдік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу, әріптес кәсіпорындардың рөлін едәуір күшейтудің көздейтін білікті кадрлар даярлаудың кооперативтік жүйесін енгізу қолға алынды.

Лицей базасында әдістемелік жұмыс, педагогикалық инновация және біліктілікті арттыру орталығын құру сынды міндеттер сараланды. Нарық заманының талабына сай 1996-1997 жылдары «Шаштараз» мамандығы бойынша мамандар даярлауда «Қазақстан–Түркия» жобасы енгізілді. Түркия тарапынан оқу орнына шаштараз ісіне арналған жабдықтар, құрал-саймандар мен парфюмдік материалдар қамтамасыз етілді. Анкараның ең білікті шаштараз шеберлері жыл бойы оқушыларға педагогикалық кәсіби шеберлік құпияларын үйретті.

Сонымен қатар, Қазақстан–Герман үкіметаралық келісімі шеңберінде лицейде неміс ұлтынан 130 адам «Қонақүй және мейрамхана ісінің маманы» мамандығын меңгерді. Олар бүгінде Қазақстанда ғана емес, Германияда да қонақүй және мейрамхана бизнесі саласында жемісті еңбек етіп жүр.

Колледж шет мемлекеттермен де тығыз байланыста. Мәселен, «Шығыс-Батыс: қонақжайлылық дәстүрлерін байыту» жобасын Францияның Сыртқы істер министрлігі қаржыландырды. Лицейдің төрт қызметкері Париж қаласындағы «Бильяр» кәсіптік лицейінде қонақүй және мейрамхана ісі бойынша тағылымдамадан өтті.

Сонымен қатар, Париж қаласының Кәсіптік лицейіндегі әріптестер қонақүй және мейрамхана бизнесі мамандарын даярлаудың инновациялық технологиялары бойынша «Шеберлік сыныбы» нысанында апталық сабақтар өткізіп тұрады.

Біз еліміздегі 180 үздік колледж қатарында «Жас маман» бағдарламасына қатыстық. Бүгінде бағдарлама аясында «Тамақ технологиялары» біліктілік орталығы ашылып, ол ең заманауи жабдықтармен жабдықталды. Қазіргі таңда қалалық, республикалық және халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуге арналған алаңға айналып отыр. Колледждің білім алушылары өңірлік деңгейде 7 құзырет бойынша қатысады: «Аспаз ісі», «Кондитер ісі», «Мейрамхана сервисі», «Визуалды мерчендайзинг және витринистика», «Гид-экскурсовод», «Қонақүйлерді басқару», «Наубайхана шеберлігі» және осы бағдарларда бірнеше мәрте жеңімпаз атанды.

Бұдан бөлек, оқу орны Самарқанд туризм және сервис техникумымен, «Caspian Center»-мен (Түркия Республикасы), NIKOLAOS Бари қорымен (Италия), «Орталық Азиядағы кәсіптік білім беру (PECA)» (Германия) ұйымымен Швейцарияда оқу бағдарламасы бойынша ынтымақтастық шеңберінде «Дуалды кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі дамыту тұжырымдамасын» қабылдап, «Кәсіптік стандарттар негізінде дуальды халықаралық тағылымдамадан өтті.



Ерұлан ҚАРАҒҰЛОВ,
Алматы технология колледжінің директоры

Өткен оқу жылынан бастап Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен жергілікті Білім басқармасының «Алматы технологиялық колледжі» болып аталдық. Бүгінгі таңда колледжде волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі секциялары, сондай-ақ би үйірмелері, «Жасын», «Аспаздық іс», «Миксология», «Бариста» және шахмат үйірмелері ұйымдастырылып, волонтерлік қызметке оқушылардың жартысынан астамы тартылды. «Ашық жүрек» еріктілер клубы, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы, қыздарға арналған «Syrgalym» клубы бар. Шетелдік серіктес компаниялармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтастық, халықаралық байланыстар мен әріптестікті дамыту бағдарлары аясында колледж әлемдік білім беру кеңістігіне танымал білім ордасына айналды. Білім беру бағдарламалары барлық кәсіби стандарттар мен жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып әзірленген.

Біз әрдайым еңбек нарығының өзгермелі жағдайларына сай, болашақта қайта оқытуды талап етпейтін, тек еңбек жағдайларының өзгеруі мен жаңа технологияларды енгізу фактісі бойынша біліктілікті арттыруды ғана қажет ететін кадрларды дайындаймыз. Қазіргі нарық талабын басты бағдар етіп, сервис және тамақ технологиялары саласының ең қажетті мамандықтарын дайындаймыз. Бұл үшін оқытудың икемді әдістерін қолданамыз, дуалды оқытуды және кәсіпорындардың өтінімдері бойынша оқытуды кеңінен пайдаланамыз. Жыл сайын колледждің 400-ге жуық түлегі еңбек нарығына араласып, кәсіби кадр немесе ЖОО студенті мен жас кәсіпкер атанады.

**Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Айнабай МӘДИ

**Үкіметтің баспасөз қызметі Премьер-министрдің тапсырмасымен Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктері елдегі картоп нарығының жағдайын тұрақты бақылауда ұстап отырғанын хабарлады. «Көрші елдерден, әсіресе, Өзбекстаннан сұраныстың артуы, сондай-ақ биылғы жоғары экспорттық баға салдарынан картоп экспорты 411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін, демек 1,5 есеге өскен. Ажиотаждық сұраныс ішкі нарыққа әсер етті. Соңғы аптада экспортқа бағдарланған өндірушілердің баға деңгейі 170 теңгеден 270 теңгеге дейін көтерілді», – делінген үкіметтің хабарламасында.**



# АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

## Алматы қаласының сауда орындарында картоп құны тұрақты әрі жеткілікті

### Экспортқа қатаң бақылау жүргізіледі

Ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру үшін 18 қаңтарда өткен Сауда қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында картопты үшінші елдерге шығаруды 6 айға шектеу туралы шешім қабылданды. «Бұл шектеу Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне қолданылмайды, бірақ экспортқа қатаң бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар, 16 қаңтардан бастап фитосанитарлық сертификаттарды беру толығымен тоқтатылды» деп түсіндірді үкімет.

Үкімет қабылдаған шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, негізсіз баға өсімін болдырмауға, нарық қатысушыларының алыпсатарлық әрекетін шектеуге бағытталған. Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органдары антимонополиялық органдармен бірлесе келе, жағдайды күшейтілген бақылауға алып, заңбұзушылық анықталған жағдайда шара қолданатынын мәлімдеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сүйенсек, бүгінгі күнгі картоп қоры ерте өнім шыққанға дейінгі ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз етуге жеткілікті. Осы күнгі жағдайға ден қойсақ, сауда желілеріндегі қорды есептемегенде, жалпы қор 850 мың тоннадан асады. Былтыр елімізде 2,9 миллион тонна картоп жиналыпты. Соның 300 мың тоннасы – ерте піскен өнім. 2024 жылғы импорт көлемі 56 мың тоннаны құрады.

2024 жылдың тамыз айынан бастап ішкі нарыққа жіберілген картоп көлемі 2,6 миллион тонна болса, халықтың жалпы қажеттілігі – 1,5 миллион тонна. Соның ішінде ерте өнім жиналғанға (қаңтар-сәуір) дейін қалалық тұтыну – 954 мың тонна. Былтырғы тамыз-желтоқсан аралығында тұтынылған көлем – 844 мың тонна. Былтырғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығындағы экспорт көлемі – 620 мың тонна. 2025 жылға (қаңтар-сәуір) болжанған тұтыну көлемі – 675 мың тонна.

### Заңсыздыққа жол жоқ

Еліміздің біршама аймағында картоптың бөлшек саудадағы бағасы екі есеге дейін өскені анықталды. Ақтөбеде қаңтар айының басында картоптың бір келісі 200 теңгеден аспаса, соңғы аптада 388 теңгеге дейін көтерілген. Алматымен жақын орналасқан Жетісу өңірінде сапалы картоп бағасы 400 теңгеден асып жығылған. Астанада ең қымбат картоптың бағасы – 455 теңге болғаны бар.

Сауда және интеграция министрлігі өкілдерінің сөзіне сүйенсек, картоп бағасының күрт көтерілуіне Ресейдегі жағдай мен экспорт себеп екен. Жауапты ведомстводағылар «сыртқа шығаруға тыйым салынғаннан кейін баға тұрақтайды» деп сендіруде. Бұл сөздің де жаны бар, өйткені елдегі картоп қоры жеткілікті көрінеді.

Біздің білген мәліметімізше, елімізде картоп бағасын себепсіз өсіру бойынша 50-ге жуық заңбұзушылық анықталыпты. Сауда министрлігі өңірлерде аталған көкөніс түрінің құнына тексеру жүргізген. Ведомство таратқан ақпаратқа сай, егер саудагер картоп бағасын заңсыз көтерген болса, онда оған бірінші рет ескерту жасалады. Келесі жолы шағын кәсіпкерлерге – 10 айлық, ал орта бизнес өкіліне – 75 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Жауапты ведомство мамандарының айтуынша, қазір елде картоп бағасы тұрақты.

Алматыда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында жауапты басқарма облыстағы өндірушілерден, шаруа қожалықтарынан 9,5 мың тоннадан астам картоп сатып алуға келісім-шарт жасасқан. Ал несиелік келісім-шарт бойынша алынған тауардың 10 пайызы, мың тоннадан астамы сатылып кеткен. Шыны керек, кейбір сауда орындарында 1 келі картоптың құны – 350 мен 450 теңге болғаны рас. Мұндай қымбатшылықты сарапшылар Павлодар мен Қарағанды облысындағы бағаның өсімімен байланыстырады.

Сала мамандарының айтуынша, алаңдауға еш негіз жоқ. Сатып алынған барлық өнім тұрақтандыру қоймаларында сақталуда. Қажет болған жағдайда, қосымша тауар партиясын бөлшек сауда орындарына жеткізуге мүмкіндік бар. Алматы қаласының сауда орындарында картоп құны тұрақты әрі жеткілікті. Ел ішінде «екінші нан» аталып кеткен өнімнің 1 келісінің бағасы 157 теңге деңгейінде белгіленген.

*«Бізде картопқа қатысты еш қиындық болған жоқ. Картоп қашанда жеткілікті болды. Барлығы әдеттегідей жүріп жатыр. Өнім таусылса, күн сайын көкөніс пен жемістерді жеткізіп отырады»,* – дейді супермаркет сатушылары. Алматыдағы баға тұрақтылығы алдағы бірнеше күнде барлық өңірде жалғасады. Мұны Ауыл шаруашылығы министрлігі мәлім етті. Бүгінде қаламызды қамтитын қоймаларда 8 мың тоннадан астам өнім бар.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ернұр ЖАУТІКБАЕВ, ҚР Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитеті төрағасының орынбасары:**

### Тұрақтандыру қорын аштық

Бізде 87 мың тонна картоп қоры болған. Бүгінде соның 62 мың тоннасы бар. Картоп әр өңірдегі әлеуметтік дүкендерде халыққа сатылуда. Осы кезде еліміздің барлық супермаркет желісінде картоп жеткілікті. Орташа есеппен алғанда, еліміздің біршама бөлігінде картоп 130 теңгеден сатылуда.

**Назгүл ХАТЕПОВА, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі егіншілік департаментінің директоры:**

### Оң ахуал

Соңғы бірнеше күнде картоп бағасы арзандады. Астанада картоптың келісі күні кеше 433 теңге болса, бүгінде 280 теңгеден сатылуда. Алдағы күндері өзге өңірлерде де осындай оң ахуал күтілуде.

Қазақстанның картобы ішкі нарықпен қатар, өзге мемлекеттерде сұранысқа ие екенін де айтқанымыз абзал. Бұл бір жағынан ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге қолайлы. Өйткені, өз өнімін тиімді бағада сата алады. Демек, баға ішкі факторға әсерін тигізуде. Яки, сыртқы нарықта жоғары сұраныс болғандықтан, ішкі баға да көтеріліп кетті. Бұл мәселені тұрақтандыруда картоп экспортына тыйым салынды.

**Темірлан НИХАМБАЕВ, «Алматы» ӘКК» АҚ баспасөз қызметінің жетекшісі:**

### Несиелік келісім жасалды

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында «Алматы әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» супермаркеттер желілерімен несиелік келісім жасады. Атап айтқанда, картоп, сәбіз, пияз бен қырыққабат тәрізді көкөністер Алматы, Ақмола, Жамбыл, Павлодар және Түркістан облыстарындағы өндірушілерден алып келінді. Жалпы көлемі 9720 тоннаға келісім-шарт жасалды.





БІЗДІҢ РЕЙД

# ҚЫСҚЫ

## Алматының коммуналдық қызметі

Ернұр РЫСБАЙ

(Басы 1-бетте)

### 22 ҚАҢТАР
### ҚАР ЖАУДЫ – ТЕХНИКА ІСКЕ КІРІСТІ

Мегаполистегі қыс қала көшелерін қардан арылтуға әрдайым дайын тұруды талап етеді. Қар жауғанда көшелер мұзға айналып, көлік қозғалысы қиындай түседі. Бұл кезде қала көшелеріне тұз себетін арнайы техникалар шығып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Осы процестің қалай жүзеге асатынын өз көзімізбен көру үшін тұз шашатын арнайы техникаға отырып, алып шаһар көшелеріне бет алдық.

Мен мінген техниканың жүргізушісі Қайрат Оспанов – салада 30 жылдық тәжірибесі бар маман. Ол үшін бұл күнделікті жұмыс болса да, қала тұрғындары үшін өте маңызды іс. «Қар жауған күндері біз көшелерді мұздан тазарту үшін арнайы тұз ерітіндісін шашамыз. Бұл ерітінді мұзды ерітіп, жолды тайғақ болудан қорғайды», – дейді Қайрат аға көлік тізгінінде келе жатып...

### КӨШЕЛЕРГЕ ТҰЗ СЕПТІК

Таңнан бастап Алматыға ақ ұлпа қар жауа бастады. Таңғы уақытта қала көшелеріне тұз шашатын техникалар шығып, жұмысқа кірісті. Біз Қайрат ағаның көлігімен Алмалы ауданының көшелеріне тұз шаштық. Жұмыстың негізгі мақсаты – жолдағы мұзды еріту және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Тұз себетін техниканың қалай жұмыс істейтіні де өзінше бір қызық. Техниканың артындағы арнайы механизм тұзды бір ритмде шашып отырады. Бұл ерітінді жолдың үстіндегі қардың тайғақ мұзға айналуынан сақтайды. Жолдардың бетін тегіс және қауіпсіз күйге келтіру үшін әр техниканың белгілі бір жылдамдықта мөлшермен жұмыс істеуі керек.

– Бір техниканың 8–10 шақырым жолды өңдеуге шамасы жетеді. Біз тұзды мөлшерден тыс шашпауға тырысамыз, себебі бұл экология үшін маңызды, – деп түсіндіреді Қайрат аға.

### ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНДЕ 152 ҚҰМСЕПКІШ ТЕХНИКА ЖҮР

Жапалақтап қар жауа бастағанда-ақ қала жолдарына 152 құмсепкіш техника шығып, 950 тонна көктайғаққа қарсы материалдар себе бастады және 60 $м^3$ сұйық реагенттер пайдаланылды. Қауіпті жол учаскелерінде жолдың жағдайын бақылап отыратын 46 жедел топ жұмыс істеуде. Мамандар магистралды көшелерді қардан толық тазалау 3 күнге, аудандық маңызы бар көшелерді қардан аршу 7 күнге созылатынын айтып отыр.

Қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов алматылықтарды коммуналдық қызмет өкілдерінің еңбегін бағалауға, оларға қар тазалау жұмыстары кезінде кедергі келтірмеуге шақырды.

– Қардың жаууы қала тұрғындарына уақытша қолайсыздық тудыратынын түсінеміз. Коммуналдық қызметтің жұмысына түсіністікпен қарап, көмектесуді сұраймыз: арнайы техниканың жұмысын қиындатпау үшін көліктерді жол жиектеріне қоймауларыңызды өтінеміз», – деді әкімнің орынбасары.

### КҮШ ШОҒЫРЛАНДЫ

Қар тазалауға 1200-ден астам жұмысшы мен 573 бірлік арнайы техника тартылды. «Қазгидромет» деректеріне сәйкес Алматыда бір тәулікте 18 см қар жауды, бұл қаңтардағы норманың 31%-ын құрайды. Каменское платодағы қар 21 см, ал Медеуде – 12 см.

Түнгі уақытта көшелерді тазалау үшін 573 арнайы техника, сондай-ақ 711 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Қар шығаруға 203 самосвал тартылды. 23 қаңтар күні таңертең 9600 текше метр қар сыртқа шығарылды.

22 қаңтардың кешінен бастап 26 техника колоннасы жол полициясының патрульдік машиналарымен бірге қар күреу жұмыстарын жүргізді. 23.30-да басталған қалың қардан кейін қайта сыпыру 23 қаңтар таңғы 4.00-ден бастап ұйымдастырылды.



Күндізгі уақытта 475 бірлік арнайы техника мен 1280 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Шағын көлемді техниканың 95 бірлігін пайдалана отырып, тротуарларды, қоғамдық кеңістіктерді және әлеуметтік маңызы бар объектілерге кіреберістерді механикаландырылған тазалау жүргізіледі. Сондай-ақ, қоғамдық көлік аялдамалары мен жерүсті өткелдерін қолмен тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімдіктерінде қар тазалау жұмыстарын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.







# ҚАРБАЛАС

## күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр

Алматыда 22 қаңтарда таңертең қар жауа бастады. «Қазгидромет» РМК болжамы бойынша бүгін, 23 қаңтарда сағат 16.00-ден бастап тәуліктің соңына дейін қар жауады деп күтілуде. Ауа температурасы күндіз -5 – -7°С болады, 24 қаңтарда жауын-шашынсыз бұлтты. Түнде ауа температурасы -18 – -20°С, күндіз -12 мен -14°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

### 23 ҚАҢТАР «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖӘНЕ АЛМАТЫ

Алматыда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша басталған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру аясында елімізде алғаш рет қар еріту пункті ашылғанын білесіздер. Жобаның ерекшелігі – Қазақстан үшін бірегей тәжірибе болып табылатын әрі қарды еритудің пайдаланылатын экологиялық таза технологиясын көру мақсатында, қар жауғаннан кейінгі келесі күні қар еріту пунктіне бардым.

Технология қар жауған кезде қаланы тазарту уақытын қысқартып қана қоймай, қоршаған ортаға экологиялық зиянды азайтуға мүмкіндік береді. Бұрын қала көшелерінен қар мұзға қарсы материалдармен, соның ішінде тұзды ерітінділермен бірге топыраққа түсетін. Топырақты қалпына келтіруге қосымша ресурстар жұмсалатын.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы абаттандыру бөлімінің басшысы Бекежан Алмырза атап өткендей, қар еріту пунктін іске қосу – экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі және мегаполисте өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды қадам. Бұл шешім қаладан тыс жерлерге қар шығаруға жұмсалатын уақыт пен ресурстарды едәуір азайтуға, сондай-ақ экологияға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа пункттің жұмысымен және қарды кәдеге жаратудың инновациялық технологияларымен қала әкімдігі кадрлар даярлау туралы меморандум аясында ынтымақтасатын Қазақ автомобиль жолдары институтының (ҚазАЖИ) оқытушылары мен студенттері танысты. Студенттер жұмыстың негізгі кезеңдерін және инновациялық технологияларды оқу үстінде.

Қала көшелерінен жиналған қар алдын ала сұрыптау үшін арнайы қабылдау құрылымына түседі, содан кейін еріту қондырғыларына жіберіледі. Маңызды аспект-жылы ағынды сулар қалалық кәріз желісі арқылы ағып, сорғы қондырғылары жүйесі арқылы еру үшін қажетті жылу мөлшерінен өтеді. Қар еріту құрылғысының қуаты – тәулігіне 1200 текше метр қарға дейін.

Қарды еріту процесі қысыммен жүреді, бұл процесті жылдамдатуға және жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қар ерігеннен кейін алынған еріген су құмнан және басқа ұсақ бөлшектерден сүзіліп, бірнеше тазарту сатыларынан өтеді. Сайып келгенде, еріген су қалалық кәріз желісіне қайта оралады, бұл экологияға жүктемені азайтады және қала ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ автомобиль жолдары институтының (ҚазАЖИ) ректоры Дәурен Есентай көлік және экологиялық технологияларды оқитын студенттер үшін қар еріту пунктіне бару танымдық сипатқа ие және болашақта пайдалы болатынын атап өтті.

«Біз қоршаған ортаға теріс әсерді айтарлықтай азайтатын экологиялық таза технологияның іс жүзінде қалай қолданылатынын көре алдық. Мұндай тәжірибе өте бағалы, әсіресе, экология мен инфрақұрылым мәселелерін жедел шешу қажет заманауи қала жағдайында. Студенттер болашақта осы технологияларға сүйеніп, оларды инфрақұрылымдық нысандарды жобалауда ескеруі мүмкін», – деп атап өтті ректор.

«Көлік техникасы және технологиясы» мамандығы бойынша оқитын 1-курс студенті Сұлтан Сайлауғазы қар еріту пунктіне барған кезде алған ақпараттың болашақта қаланың экологиялық және инфрақұрылымдық тиімділігін арттыруға үлес қосуға көмектесетінін атап өтті.

«Біз кәріз желісі арқылы судың түсуінен бастап еріген судың соңғы сүзілуіне дейінгі барлық процесті зерттедік. Бұл қалалық қызметтердің жүктемесін азайтумен қатар, экологиялық тәуекелдерді төмендетуге де көмектеседі. Менің осыған қатысты алған білімім болашақта экологиялық менеджмент саласында жұмыс істейтін кезде өте пайдалы болатынына сенімдімін. Мен алған білімімді экология мен табиғи ресурстарды басқарудың тиімді шешімдерін әзірлеу үшін пайдалануды жоспарлап отырмын», – деді студент.

«Автомобиль жолдарын салу» мамандығы бойынша білім алып жатқан 1-курс студенті Бақытжан Алмабай қар еріту пунктіне бару өзі үшін нағыз жаңалық болғанын атап өтті.

«Мен жаңа технологиялар қалалық инфрақұрылымды жақсартуға қалай әсер ететінін білдім. Бұл жобаның қарды қаладан тыс жерге тасымалдау қажеттілігін және көлік шығындары мен атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын азайтуға көмектесетіні ерекше маңызды. Біз бұл білімді кәсіби қызметімізде міндетті түрде қолданатын және қаламыз үшін неғұрлым тиімді шешімдер әзірлеуге ұмтылатын боламыз», – деп өз ойымен бөлісті жас жігіт.

Айта кетейік, қар еріту пунктіне Алматының Әуезов, Алмалы және Бостандық аудандарының аумақтарынан қар әкелінеді. Бұл аудандарда қар үйінділері тым көп, соның салдарынан тығыз трафик орталық көшелерден қарды тиімді шығаруға мүмкіндік бермейді. Пункт іске қосылған кезден бастап 23,6 мың текше метр қар ериді.

Қар еріту пунктін құру қарды кәдеге жарату жөніндегі өзекті мәселелерді шешу және «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қоршаған ортаны қорғаудың ауқымды стратегиясын іске асырудағы маңызды қадам болып табылады.

### ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қар тазалау мен тұз шашу жұмыстары «Таза Қазақстан» жобасы аясында қала тұрғындарының жайлы өмірі үшін атқарылып жатыр. «Бұл – тек біздің емес, әрбір тұрғынның ортақ міндеті. Қалада тазалық пен қауіпсіздік сақтау үшін бізге түсіністік пен қолдау қажет», – дейді Қайрат аға. Алматы көшелері қар мен мұздан тазарып, қала тұрғындары үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастырып келеді. Мұның бәрі – Қайрат Оспанов секілді жандардың адал еңбегінің арқасы. Техника да, адам да қаланың қарлы күндерінде тынбай жұмыс істеп, Алматының қысқы тынысын қалыптастырады. Қар жауған күндері көшелердің жайлы әрі қауіпсіз болуы үшін осындай жұмыстың жасалып жатқанын біліп жүруіміз керек. Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ өте маңызды еңбек.

**ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!**

**23 қаңтарға арналған болжам бойынша кейде қар жауады. Температура түнде -13...-15°С, күндіз -7...-9°С көрсетеді. 24 қаңтарға арналған болжам: көшпелі бұлт шығады, жауын-шашынсыз. Түнде -18...-20°С, күндіз -10...-12°С.**

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

**КӨМЕК ҚАЖЕТ ПЕ, ХАБАРЛАҢЫЗ!**

***Қар тазалау жұмыстарына байланысты мәселелерді жедел шешу үшін тұрғындар Telegram-боттарға келесі сілтемелер арқылы аудан әкімдіктеріне жүгіне алады:***

1. *Әуезов ауданы – https://t.me/akimatAuezov1*
2. *Алатау ауданы – https://t.me/akimat_alatau*
3. *Алмалы ауданы – https://t.me/almalyaudany/1*
4. *Бостандық ауданы – https://t.me/bostandykaudanyy/1717*
5. *Жетісу ауданы – https://t.me/obzhetysu*
6. *Медеу ауданы – https://t.me/medeu_audany*
7. *Наурызбай ауданы – https://t.me/+jD3nmPVIVrw1YWQ6*
8. *Түрксіб ауданы – https://t.me/turksib_audany.*





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!

## Бұл уақытша науқан емес, айналаңа, тарих пен дәстүрге құрметпен қарауға үндейтін қоғамдық жаңа идеология

**Үкіметте «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының іске асырылу барысы туралы мәселе қаралды. 2024 жылы акцияға 6,2 млн адам қатысты. 1,1 млн тонна қалдық жиналып, 1,6 млн-ға жуық ағаш отырғызылды.**

### ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУ

Премьер-министр «Таза Қазақстан» акциясының азаматтардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, жалпыадамзаттық құндылықтарды қолдау және табиғатты қорғаудың жаңа идеологиясын қалыптастыру мәселесіндегі маңыздылығын атап өтті. Акция еліміздің экологиялық ахуалын жақсарту бағытында кешенді іс-шаралар көзделген 2029 жылға дейінгі ұзақмерзімді тұжырымдама мәртебесіне ие болғаны белгілі.

Жиында бірқатар салалық министрліктер басшылары баяндама жасап, өңірлер әкімдері тыңдалды. Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев полигондарды жою және жасыл желектер санын көбейту жоспарының орындалу барысы туралы, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының акцияға қатысуы туралы, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғау жоспарларын іске асыруға қатысу мәселесіне ерекше назар аударылды.

### АБАТТАНДЫРУДЫҢ ҮЛГІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ

Президент Жолдауында табиғатты қорғау ісіндегі бизнестің жоғары жауапкершілігінің маңыздылығы ерекше аталғаны белгілі. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметі бойынша, 2025 жылы ERG компаниялар тобы шамамен 1,8 млн жасыл желек отырғызуды жоспарлаған.

2024 жылы Solidcore Resources Қостанай облысында аумақты 1,5 мың гектарға дейін ұлғайту перспективасымен 500 гектар алқапқа орман отырғызу бойынша пилоттық жобаға бастамашылық жасады. Өңірлерде аумақтар мен ауылдарды жинау бойынша ірі науқан өткізіліп, тарихи-мәдени ескерткіштер ретке келтірілді, ардагерлерге ауласын абаттандыру және жинау бойынша көмек көрсетілді, өзендер мен су айдындары қоқыстан тазартылды. Азаматтарды елдімекендер мен экология мәселелерін шешуге тарту мақсатында ыңғайлы @TazaQazBot телеграмм-чатботы арқылы өтінім беру қызметі іске қосылды.

Бүгінгі таңда 10 мыңнан астам өтінім келіп түсіп, 9,7 мыңға жуық өтініш орындалды. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында қалалар мен елдімекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларына өзгерістер енгізілді. Осы құжат шеңберінде негізгі ұғымдар түзетіліп, жаңа терминдер енгізілді, сондай-ақ елдімекендердегі инфрақұрылым объектілерін абаттандыру мен күтіп ұстауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар негұрлым егжей-тегжейлі толықтырылды.

Атап айтқанда, жаяу жүргіншілер, мүгедектер, велосипед көлігі үшін басымдықтар берілді. Үй жануарлары серуендейтін аумақтарды тазарту, биодәретханалар орнату, жолдарды күтіп ұстау, ғимараттар мен құрылыстардың сыртқы келбеті бойынша қойылатын талаптар айқындалды. «Үлгілік қағидалар негізінде қабылданатын шаралардың күшейту үшін аумақтарды абаттандырудың өңірлік қағидалары бекітілді, олар да әрбір өңірдің ерекшелігін ескере отырып кеңейтілді», – деп атап өтті Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев.

### «ҚАЛАЛАРДЫ КЕШЕНДІ САЛУ СТАНДАРТЫ»

Бұдан басқа, өңірлік саясатты жетілдіру үшін «Қалаларды кешенді салу стандарты» әзірленді. Стандарт сапалы, қолжетімді тұрғын үй және көпсалалы құрылысты енгізу және жайлы қоғамдық кеңістіктерді құру үшін нұсқаулық болып саналады. Құжат барлық жергілікті атқарушы органдарға қалалық аумақтарды дамыту мен салудың егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуде басшылыққа алу үшін жіберілді.

Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы Париж келісіміндегі міндеттемелерге сәйкес, ауаға тарайтын зиянды қалдықтарды азайту үшін тиімді шаралар қабылдау қажеттігіне де маңыз берілді. Осыған байланысты Экология және табиғи ресурстар министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, қоршаған ортаға эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізуді жедел аяқтау тапсырылды.

КЕРЕК ДЕРЕК

**Мемлекет басшысының 2027 жылға дейін 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға арналған жоспар бойынша 494 мың гектар алқапқа 336,5 млн көшет отырғызылды. Елімізде 2021–2024 жылдары 1,1 млрд-тан астам ағаш егілген.**

### КАРБОНДЫ ПОЛИГОНДАР ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

Премьер-министр қоршаған ортаға, әсіресе, кәсіпорындар айналасында ауаға таралған зиянды газдарды азайтатын карбонды полигондар құру арқылы экожүйе қалыптастырудың маңыздылығына назар аударды. Мұндай жобаларды іске асыру үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігіне заңнамалық түзетулер әзірлеу жөніндегі тапсырма берілді.

Әкімдіктерге тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін жаңа полигондар мен зауыттар ашып, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою және алдын алу жұмыстарын уақытылы жүргізу міндеті қойылды. Сонымен қатар, Жергілікті атқарушы органдар өз өңірлерінде орман тәлімбағын құрып, ағаш көшеттерінің жерсініп кетуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Экология және табиғи ресурстар, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктеріне стихиялық қоқыс орындарын анықтау үшін еліміздің аумақтарын ғарыштық бақылаумен қамтуды және мерзімді тексеруді ұлғайту аманатталды.

Мәдениет және ақпарат, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктері алдағы уақытта қоршаған ортаны сақтау және халықтың экологиялық мәдениетін арттыру саласындағы тәрбиелік және түсіндіру жұмыстарын күшейтпек.

(Дереккөз: primeminister.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Олжас БЕКТЕНОВ, ҚР Премьер-министрі:**

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс

***Президенттің барлық бастамалары, оның ішінде экология мен қоршаған ортаны жақсарту, заңдылық пен тәртіпті сақтау қағидаты әр адамның ой-санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға және сол арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қолдауға бағытталып отыр. Олар уақытша науқанға емес, табиғатты аялауға, айналаңа, тарих пен дәстүрге құрметпен қарауға үндейтін қоғамдық жаңа идеология ретінде орнығуы тиіс. Экологиялық мәдениет күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Барлық мемлекеттік орган мен бизнес және бүкіл қоғам болып осы жұмыстарға белсенді атсалысуымыз қажет. «Таза Қазақстан» бастамасын іске асыру қызметіміздің барлық саласын қамтуға тиіс.***

**«Таза Қазақстан» акциясы – экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған республикалық деңгейдегі бастама. Бұл акция Алматы қаласында ерекше белсенділікпен жүзеге асып, қала тұрғындары мен еріктілердің қатысуымен маңызды экологиялық іс-шараларға ұласты.**

# АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

## Шаһарда «Таза Қазақстан» акциясы аясында қандай экологиялық жұмыстар атқарылды?

Экологияны жақсарту мақсатында қолға алынған аталмыш акция Алматы халқының тарапынан да үлкен қолдауға ие болды. Сол себепті қоғамның түрлі топтары, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер, еріктілер, студенттер мен бизнес өкілдері және қарапайым тұрғындар экологиялық бастамаларға белсенді қатысты. Нәтижесінде жыл сайын тұрақты түрде өткізілін келеді.

Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті арттыру және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды мақсат тұтқан акцияның міндеттері ел аумағындағы өзен-көлдер, орман алқаптары, саябақтар мен жол жиегіндегі заңсыз қоқыс орындарын тазалау, халық арасында экологияны сақтау, қоқысты дұрыс сұрыптау және қайта өңдеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу секілді бірнеше қадамдарды қамтыды. Бүгінгі күнге дейін акция аясында қала және ауыл аймақтарының санитарлық тазалығын қамтамасыз етіліп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарды. Алматылықтар қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату мәдениетін дамытуға көше бастады.

Бұл акция елдің барлық аймақтарын қамтып, әр өңірде экологияны жақсарту мақсатында нақты шараларды жүзеге асыруды көздейді. Алматы сияқты ірі қалаларда бұл бастамаға ерекше мән берілді. Себебі, мұнда қала тұрғындарының тығыздығы мен табиғи ресурстарға түсетін жүктеме жоғары.

«Таза Қазақстан» – бұл тек табиғатты қорғау шарасы ғана емес, сондай-ақ халықты біріктіріп, экологиялық жауапкершілікке үйрететін маңызды қадам.

### ЖАҚСЫ НӘТИЖЕ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Алматыда қоршаған ортаны қорғау мен қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған кең көлемді шараларды қамтыды. Бұл бастамаға мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, студенттер мен еріктілер белсенді қатысты.

Акция аясында Алматыда көптеген жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, қала аумағындағы саябақтар, жаяу жүргіншілер аймақтары, өзен-көл жағалаулары тазартылды. Баум тоғайы, Сайран көлінің маңайы, Үлкен Алматы өзені, Есентай өзені және басқа су айдындары қоқыстан аршылды. Қала экологиясын жақсарту мақсатында ағаш көшеттері отырғызылды. Әсіресе, тау бөктерлері мен саябақтарға ерекше назар аударылды. Белсенді тұрғындардың атсалысуымен жолдар мен қоғамдық орындарды тазалау жұмыстары жүргізілді. Қаланың негізгі магистральдары, тротуарлары және аяддамалары қоқыстан тазартылды. Тазалық акциясы аула ішіндегі аумақтарды да қамтыды. Қайта өңдеу және экологиялық білім беру мақсатында қалдықтарды бөлек жинау жүйесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қаланың әр ауданында қоқыс сұрыптауға арналған контейнерлер саны көбейді.

### РЕКОРДТЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТКЕН ҚАЛА

«Таза Қазақстан» акциясы Алматының табиғи байлығын сақтап қана қоймай, қоғамда экологиялық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

2024 жылы мегаполистегі негізгі бағыттар – «Алматы – бақ қала» мәртебесін қалпына келтіру, аула аумақтарын жаңғырту, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы бастамаларды жүзеге асыру және «Қасбеттен қасбетке дейін» қағидатын дамыту бағдарларына арналды.

Бұл маңызды ұлттық бағдарлама аясында Алматы экология мен қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар бастамаларды қолға алды. Өткен 2 жылда 500 км автосуару желілері орнатылды, 2025 жылы тағы 290 км желілер орнатылмақ, бұл 1 млн-ға жуық ағашты автосуарумен қамтуды мүмкіндік береді. Алматы қаласының жасыл желектерін отырғызу және күтіп ұстау бойынша жаңа тәсілдерді қолдану нәтижесінде көшеттер шығыны 2022 жылғы 30%-тен 2024 жылы 10%-ке дейін төмендеді. Қайталама шикізат қабылдау пункттері мен экологиялық акциялар іске қосылды. Санитарлық тазарту жұмыстары тек орталық аудандарда ғана емес, сонымен қатар қаланың шалғай аймақтарын да қамтып, көшелер мен саябақтардың тазалығы қамтамасыз етілді.

Алып шаһардың жайлы қала болуына атсалысып, тазалық шараларына өз үлестерін қосқан қала тұрғындарына айтар алғыс мол. Сарапшылардың мәліметінше, өңірлер бойынша акцияға қатысушылар арасында саны рекордтық деңгейге жеткен қала – ол біздің Алматы деп танылыпты.

Алматы тарихи тұрғыдан «бақ қала» мәртебесімен танылған. Бүгінде қалалық әкімдік бұл мәртебелі атақты қайта жаңғырту, жандандыру үшін белсенді жұмыс атқаруда. 2024 жылы шаһарда 650 мың ағаш отырғызылды. 2025 жылдан бастап Алматы әкімдігі алғаш рет ірі көлемді көшеттерді қолданатын болады. Олар агрессивті қалалық ортада жоғары өмір сүруге бейімді және ыңғайлы кеңістікті қарқынды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Биіктігі 4 және 6 метрден асатын 27 мың көшет отырғызу жоспарлануда. Жасыл желектерді қорғауға ерекше көңіл бөлініп, ағаштар мен бұталарға күтім жасау, оларды сақтау және қалпына келтіру ережелері әзірленді.

**ТҮЙІН:** ***«Таза Қазақстан» акциясы Алматы қаласының экологиялық болашағы үшін маңызды бастамалардың бірі болып отыр. Бұл шара экологияны жақсартумен қатар, қоғамды табиғатты қорғауға жұмылдырады. Әрбір тұрғынның белсенділігі – қаланың таза әрі жасыл болуына қосқан үлесі.***

**Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

# АБАЙЛАҢЫЗ, АЙЫППҰЛ!

## Көшеде, қоғамдық орындарда балағат сөз айтып, түкіргендерді қатаң жаза күтіп тұр

**Бұдан былай бейәдеп сөз қолданып, қоғамдық орындарда түкірген немесе қоқыс тастаған адамдар көше сыпыруға міндеттеледі. Жылдың басында Сенат тиісті заңды мақұлдады.**

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ел заңнамасында негізі балағат сөздер үшін жауапкершілік бұрыннан бар. Десек те, кейінгі кездері адам көп шоғырланатын жерлерде дөрекілік көрсетіп, аузына келгенін айта салатын адамдар көбейген. Былтыр наурыз айында бұл әрекет ұсақ бұзақылық санатына енгізіліп, қоғамдық орында бейәдеп сөз айтқаны үшін салынатын айыппұл көлемі төрт есеге өскен еді.

Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиетін ауыр сөздер айтып, қорлау – қылмыстық теріс қылыққа жатады. Заңгерлердің айтуынша, теріс қылық көрсеткен адамдарды жауапкершілікке тарту оңай жұмыс емес. Егер біреу намысыңызға тиіп, әдепсіздік көрсетсе, оны дәлелдейтін нақты айғағыңыз болуы шарт. Талап-арыз жазғанда қолыңызда міндетті түрде сөзін дәлелдейтін бейнежазба сияқты айғақтар дәлел ретінде ұсынылады. Сонда ғана полицияға тапсырып, өз құқығыңызды қорғай аласыз.



(Сурет: ашық дереккөзден).

ТАРИХТАН ДЕРЕК

### БАБАЛАР ЗАҢЫ НЕ ДЕЙДІ?

*Қазақ тарихында адамды жөнсіз балағаттап, жаман сөз айтқандарды әдет заңы арқылы жазалап отырды. Балағат сөз айтқан адамға айыппұл салуды тарихта Тәуке хан бастаған. Ханның «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заңдар жинағының бесінші жарлығында «Кәмелетке жеткен баланы туған ата- анасына тіл тигізіп соккені үшін қара сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдыру керек» деген жаза белгіленген. Осы заңдар жинағында діни сенімге байланысты қылмыстың екі түріне, біріншісі – Құдайға тіл тигізуге де жаза белгіленді (келесісі Құдайға сенбеу). Онда «жеті кісі куәлік етсе, Құдайға тіл тигізушіні таспен атып жазалаған. Кәпір болған адамның бүкіл мал-мүлкі оның туған-туыстарының қарамағына өтеді. Сұлтанға не қожаға тіл тигізсе, ол адам бір тоғыз, яғни тоғыз мал айып төлейді, ал сабаса, яғни қол жұмсаса үш тоғыз, яғни 27 мал төлейді» деп көрсетілген.*

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

### ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ҚАЛАЙ ЖАЗАЛАЙДЫ?

*Ғаламтордағы ашық дереккөздерге сүйенсек, Германия заңнамасына сәйкес, мұндай құқық бұзушылық үшін айыппұлмен немесе бір жылға дейін (шартты түрде) жазалануы мүмкін. Ал егер бұл әрекет қорлау болып есептелсе, екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Әдетте, соттар айыппұл тағайындаумен шектеледі.*

*Ал АҚШ ең көп балағат сөз айтатын елдердің қатарына кіреді. Американдықтар бір-бірінен балағат сөздерді жиі естиді. Көптеген штаттарда қоғамдық жерде балағат сөздер айтқаны үшін айыппұл салынады, тіпті, қамауға алынады. АҚШ Конституциясының бесінші түзетуіне сәйкес мұндай шектеулер сөз бостандығын бұзу ретінде түсіндіріледі. Дегенмен, анайы сөздер үшін айыппұлдар қарастырылған. Қолданылатын жаза түрі әр штаттың ішкі ережесіне сәйкес әртүрлі. Әр штаттың тұрғындары әртүрлі жауапқа тартылады. Массачусетс штатында абайсыз сөзге 200 доллар, Вашингтонда аңдамай сөйлегендерге 250 доллар айыппұл төлеуге тура келеді. Ал Калифорния заңнамасында 400 долларға дейін айыппұл қарастырылған.*

*Біріккен Араб Әмірліктерінде біреуді балағаттағандар бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Парсы шығанағындағы елдерде балағат сөз айтқандар үшін жаза қатаң. Мәселен, Біріккен Араб Әмірліктерінде ер адам хабарламада бейәдеп сөздер жазғаны үшін 70 мың доллар айыппұл төлеген. Мұнда қоғамдық орында не интернетте біреуге тіл тигізіп, қоқанлоққы көрсеткендер 2 жылға дейін сотталған деген дерек бар. Сауд Арабиясында жүгенсіздерді бас бостандығынан айырумен қатар дүре соғу секілді жаза да қарастырылған. Бұл елде ондай әрекетке барғандарға дүре соғылады. Австралияда да боғауыз сөз үшін айыппұл қарастырылған. Оның көлемі 600 долларға дейін жетеді. Бұдан бөлек, елде «өзгені қорлайтын қылық» секілді заң бұзушылық бар. Оған мәселен, нәсілшілдік жатады. Мұндай әрекетке барғандар 3 айға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.*

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

*Аида БАЛАЕВА,*
*Мәдениет және ақпарат министрі:*

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ



Мемлекет басшысы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекске маңызды түзетулерге қол қойды. Оның кейбірі екі айдан кейін күшіне енеді. Ең басты өзгерістердің бірі – әкімшілік жаза ретінде қоғамдық жұмыстарды енгізу. Соттың шешімімен және құқық бұзушының келісімімен тағайындалатын қоғамдық жұмыстар – оңалту мен әлеуметтік жауапкершілікті арттырудың тиімді құралы болмақ. Өкінішке қарай, қоғамда айналасындағыларға құрметсіздік таныту жағдайлары жиі кездеседі. Мәселен, қоғамдық орындарда түкіру, қоқысты орынсыз жерге тастау, тәртіп ережелерін елемеу және тағы басқаларды атап өтуге болады.

*Назира АЙБАС,*
*заңгер:*

### ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР СОТПЕН НЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КЕЛІСІМІМЕН ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ



Көшеде балағат сөз айтып, яғни қоғамдық орындарда дөрекі сөз айтып, қоқыс тастап, түкірсе айыппұл салынады. Егер айыппұл төлей алмай қалған жағдайда, жазда көше сыпырып, қыста қар күрейді. Қоғамдық жұмыстар сотпен не жеке тұлғалардың келісімімен тағайындалады. Құқық бұзушының тұрғылықты мекенжайы бойынша белгіленеді. Ол он сағат пен жүз сағат аралығында белгіленеді. Күн сайынғы жұмыс уақыты бір сағат пен төрт сағатқа дейін болады. Ал егер адам оқуда болса немесе жұмыс істейтін болса, қоғамдық жұмыстар оның оқу, жұмыс уақытымен сәйкес келмеуі керек. Ал егер де жұмыс істемейтін болса, бір сағаттан сегіз сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа міндеттеледі. Еңбек уақытының жалпы уақыты төрт айдан аспауы керек. Бірақ бұл тәртіп қолданылмайтын жағдайлар да бар. Жүкті әйелдер мен баласы үш жасқа толмаған келіншектер, кәмелет жасына жетпеген жасөспірімдер, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар әкімшілік жазаға тартылмайды.

ХҚКО

## Жүргізуші куәлігін алу:

# ЖАҢА ЕРЕЖЕ

### емтиханға жазылу енді тек «ХҚКО» қосымшасы арқылы жүргізіледі

**Бір кездері жүргізуші куәлігін талайлар емтихан тапсырмайақ «сатып» ала беретін. Оның қоғам үшін қаншалықты қауіпті екені белгілі. Енді осы олқылықтың орнын толтыру үшін нақты шара қолға алынып отыр. Мәселен, енді Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында өткізілетін теориялық және тәжірибелік емтиханға тек «ХҚКО» қосымшасы арқылы ғана жазылуға болады. Бұл жаңашылдық азаматтарға ыңғайлы әрі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған.**

Рая ЕСКЕНДІР

Бұл ретте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «ХҚКО» қосымшасының барлық қолданушысы екі факторлы сақтандырудан өтеді. Мәселен, биометриялық идентификация жасалады, сосын 1414 нөмірінен келіп түскен SMS-коды арқылы өзінің жеке басын растайды. Одан кейін жүргізуші куәлігіне үміткер «Теориялық емтиханға жазылу» немесе «Тәжірибелік емтиханға жазылу» батырмасын таңдайды. Қызмет алушыға 1414 нөмірінен хабарлама келіп түсуі керек. Бұл арада SMS хабарлама «Мобильді азаматтар базасына» тіркелген телефон нөміріне жіберілетінін ескеру керек. Сондықтан қосымша арқылы емтиханға жазылу үшін алдын ала «Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына» жүгініп, өтінім нөмірін алу қажет. Өйткені, бұл сервис емтихан уақыты мен емтихан тапсыру кестесіндегі өзгерістер туралы хабарлап отырады. Мұның өзі ақпаратты ыңғайлы түрде және дер кезінде алу мүмкіндігін едәуір арттырады. Бұрын емтиханға жазылу booking.gov4c.kz сайтында жүзеге асырылатын, алайда «ХҚКО» мобильді қосымшасы арқылы қызметті кеңейтілген аукымда алу үшін сайттағы брондау функциясы өшірілетін болады. Дегенмен, сайт пайдаланушыларға емтихан тапсыру сәтінің трансляциясын онлайн-режимде көрсету үшін өз жұмысын жалғастыра береді.

«ХҚКО» қосымшасын Google Play және App Store арқылы жазып алуға болады.

КОНТРАФАКТ

# ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН

**Алматы қаласының Әділет департаменті Apple тауар белгілерінің заңсыз пайдаланылуын анықтады.**

Таяуда Алматы қаласының Әділет департаменті Apple өнімдері тауар белгілерінің заңсыз пайдаланылуы орайында «Д» кәсіпкерлік субъектісіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру кезінде 1300-ден астам бірлік контрафактілік өнім анықталды, жалпы сомасы 5 600 000 теңгеден асты. Өнімнің сапасы күмән тудырып, өндіріс орнының ресми шығу тегі жоқ екені байқалды.

Әділет департаменті зияткерлік меншікті қорғау мен контрафактілік өнімнің айналымына жол бермеуге ерекше назар аударады. Контрафактілік өнім құқық иеленушілерге, тұтынушылар мен жалпы экономикаға зиян келтіреді. Бүгінде іс бойынша барлық материал республикамыздың қолданыстағы заңнамасына сай, процессуалдық шешім қабылдау үшін сотқа жіберілді. Департамент құқық иеленушілердің құқығын қорғау және кәсіпкерлік қызметте заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында зияткерлік меншік саласындағы заңбұзушылықты анықтап, алдын алуда жұмысын жүйелі жалғастыруда.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

«БАҚ ЖӘНЕ КІТАПХАНА»

# ОҚЫРМАНЫ КӨП КІТАПХАНА



**Алматы облыстық орталық әмбебап кітапхана тек бір өңірге ғана емес, тұтас Алматы қаласының оқырмандарына да қызмет көрсетіп отырған руханият ордасы. Аталмыш кітапхана Медеу ауданына қарасты Тәтібеков көшесінде орналасқандықтан, осы аумақтағы білім мекемелері де оның қызметін кеңінен пайдаланады. Бүгінде аталмыш кітапхана БАҚ саласымен де тығыз байланыс орнатып отыр. Жақында кітапханада «БАҚ және кітапхана» атты жиын өтіп, оған осы саладағы елімізге белгілі белді басылым басшылары мен өкілдері қатысты.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Бұл – аты облыстық болғанымен, бүкіл бұқараға мәдени қызметін көрсетіп отырған мекеме. Бұл мекемеге мектеп оқушысынан бастап, зейнеттегі қарияларға дейін жиі бас сұғады. Қариялар кітапты үйлеріне әкетіп оқыса, мектеп оқушылары мекеменің тұрақты оқырманына айналған. Тіпті, жүріп-тұруы қиын қарт кісілердің қажет кітаптарын кітапханашылар үйіне жеткізіп береді. Мұндай қызмет түрі құзырына кірмесе де, өздерінің бір парызы санайды. Руханият жанашырларының басты мақсаты – кітап пен оқырман арасына алтын арқау болып, көпірді жалғап отыру. Аталмыш кітапханаға Алматы облысы аумағына тиесілі 144 кітапхана қарайды. Орталық «штабы» сыңайлы. Олардың да өтінішін қанағаттандырып, қызмет көрсетіп отыр. Жиын барысында белгілі қаламгерлер Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің бөлім редакторы Қуат Қайранбаев, «Ақ желкен» республикалық журналының Бас редакторы Есей Жеңісұлы, «Ақиқат» журналының Бас редакторы Дәуіржан Төлебаев, «Ұлан» газетінің Бас редакторы Жадыра Нармаханова сөз алып, бүгінгі басылымның жай-күйі туралы кеңінен әңгімелеп, кітапхана арасында берік байланыс орнатуға уағдаласты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ғалия ТОҚАБАЕВА,**
**Алматы облыстық орталық кітапхана меңгерушісі:**

### ҰЛТТЫҢ НЕГІЗГІ ЖАДЫ

***Басқосуымыздың негізгі себебі – кітапхана мен БАҚ өкілдері арасындағы ынтымақтастықты арттыру. Бірлесіп еңбек ете отырып, ортақ жобаларды жүзеге асыру мақсатында еліміздің мәдениеті мен білімін көтеруге атсалыссақ дейміз.***

***Осы ретте 2025 жылы ауқымды шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. БАҚ өкілдерін киелі шаңырақ астында жинап, «дөңгелек үстел» өткізуміздің де басты мұраты осы еді.***

***Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда «Негізгі құндылықтарымызды бұқаралық ақпарат құралдары мен креативті индустрия, әсіресе, кино, музыка және әдебиет арқылы дәріптеу аса маңызды. Салалық ведомство көпшіліктің қызығушылығын туғызатын тың жобалар ұсынуға тиіс. Әсте, халқымыз «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп бекер айтпаса керек. Бізге бітпейтін дау-дамай емес, мызғымас ынтымақ пен бірлік керек. Қазіргі тарихи кезеңде халқымыздың сөзі де, ісі де – бір болуы қажет. Сондықтан зиялы қауым, ең алдымен, еліміздің бірлігін нығайтуға баса назар аударғаны жөн», – деген еді.***

***Осы сөздерді негізге ала отырып, біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Мұның аса қажет екенін уақыттың өзі де дәлелдеп отыр емес пе? Біз сонда ғана жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Ол жасырын емес. Рас, сонау тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылып қалды. Біз сол тұста рухани байлығымыздан, миллиондаған кітап қорынан айырылдық. Соңғы жылдардағы жағдайды түзеу үшін қазір біз көзге көрінбейтін жұмыстарды жасап жатырмыз. Сол жұмыстарымызды сіздер арқылы көпке жеткізгіміз келеді. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді. Сол себепті, сіздермен алдағы уақытта тығыз байланыс орнатып, кітапханамыздың дамуына, мәдениетіміздің одан ары көркейе түсуіне біз бен сіз себепкер болайық!***

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНЕ – 90 ЖЫЛ!

# ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ

## Алматыда «Бір сәттің мәңгілік бейнесін» көруге болады



**Биыл Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер музейі өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осыған орай музейдің бай тарихы мен көпқырлы қызметін айшықтайтын кең ауқымды бағдарлама әзірленді. Мерейтой аясында  Орталық көрме залында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Марат Тотеевтің «Бір сәттің мәңгілік бейнесі» атты жеке шығармашылық көрмесі ашылды. Экспозицияда суретшінің табиғат және портреттік жанрдағы 150-ге жуық туындысы ұсынылды.**

**Нұржамал ӘЛІШ**

Еліміздің әрбір өлкесін шынайы суреттеген суретші туындыларында уақыт пен болмыстың әсерлі құбылыстарын ерекше динамикалық ырғақта бейнелейді. Қылқалам шеберінің палитрасы күрделі болғанмен, көрермен үшін сюжеттік композицияны жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Айталық, «Ақжар», «Туған жер Беріктас», «Жаркент. Іле өзені», «Суық сай», «Текелі тауы», «Келес өзені», «Каменка плато» атты туындылары қоршаған әлемнің ерекше сұлулығын қанық және контраст түстердің үндестігін өзара үйлестіре отырып, табиғаттың қас-қағым сәтін мәңгілікке айналдырады. Пейзаж жанрында ол көргенін жазып қана қоймай, әрбір өлкенің табиғатын зерттеп, жете бейнелеуінде көрерменнің әсерлі сезімде сол атмосфераны қабылдауын және есте сақтауын көздейді. Суретші-пейзажист күнделікті қозғалыстағы құбылыстың бір сәтке уақытты тоқтатып, сол сәттегі шексіз кеңістіктің мәңгілік құндылығын сезінуге мүмкіндік береді. Сондықтан да табиғаттың тылсым құбылысын көру, сезіну және әсерлі жеткізу – суретші үшін маңызды сәт.

– Марат Тотеев портреттік жанрда да өзінің ерекшелігін танытады. Ол реңктер, текстура, жарық арқылы адам келбетінің





нақтылығына ғана емес, бейненің ішкі әлемін, сезімін көрсетуге ерекше мән береді. Шығармашылығында портреттік жұмыстары тарих бетін қайта парақтауға үндейтін туындылары орын алады. Көрмеде қоғамдағы орны бар, бірақ тарихта есімі аталмай қалған ұлы тұлғалардың бірі – этнограф, тарихшы, әскери қызмет атқарған Ғазы Болатұлы Уәлиханның, Шоқан Уәлихановтың жұбайы Айсара Көшенқызының портреті қойылған. Суретші тарихи тұлғалардың бейнесін суреттей келе, сол уақыт белесінің ақиқатын көрсеткісі келеді, – дейді Қастеев музейінің бөлім жетекшісі Гүлнар Жұбаниязова.

Суретші Марат Мұхамедқалиұлы – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Монументалдық кескіндеме» мамандығын тәмамдаған. Шығармашылық жолында «Парасат» редакциясында дизайнері «Буик» француз компаниясында суретші-безендіруші, Музеефикация, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебінде ұстаздық қызметтерін атқарды. 2011 жылдан бастап халықаралық, республикалық және жергілікті шығармашылық көрмелерге, симпозиумдарға қатысып, өзіндік ерекше шығармашылық туындыларымен көптеген Алғыс хатпен, «Балалық шақ досы», «Өнер, мәдениет және спорт институтына – 50 жыл», «Құрметті ұстаз» медальдарымен марапатталған. Суретшінің туындылары Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Германия, Калифорния, Үнді коллекционерлерінің қорында сақталған.

## ҚАУЛЫ

*Алматы қалалық әкімдігінің*
*2025 жылғы 22 қаңтардағы №1/1-61 қаулысы*

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 13 қаңтардағы №32.1-32.01/161-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы, Алмалы, Жетісу, Әуезов, Алатау аудандарында орналасқан жер учаскелерін Жетісу көшесінен қала шекарасына дейін Райымбек даңғылын қайта құру және жүрдек қоғамдық көлік (БРТ) салу үшін жүріс бөлігін қайта ұйымдастыру, жаяу жүргіншілер аймақтарын, көпірлер мен велосипед жолдарын жайластыру үшін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер

учаскесін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 22 қаңтардағы*
*№1/1-61 қаулысына қосымша*

**МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ**

*(Ахрименко көшесінен Сейфуллин даңғылына дейінгі 2-ші учаске)*

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|---|---|---|---|---|
| | Надиров Фахраддин Азиз оглы, Абдуллаев Зураб Александрович | 20-311-041-220 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 186 үй | 0,0911 |
| | Резван Василий Александрович | 20-311-041-204 | Алмалы ауданы, Қожамқұлов көшесі, 2 учаске | 0,0181 |
| | Сергунцов Игорь Николаевич | 20-311-041-302 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 184Г үй | 0,0259 |
| | Мухтаров Бахитжан Жанабергенович | 20-311-041-124 | Алмалы ауданы, Қожамқұлов көшесі, 4 учаске | 0,0364 |
| | «LUBELL LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-288 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 184А үй | жалпы 0,1846 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0992 |
| | Ибраев Булат Сейткалиевич | 20-311-041-465 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 184Б үй | 0,0258 |
| | Ибраев Булат Сейткалиевич | 20-311-041-279 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 184 үй | 0,0430 |
| | Ибраев Булат Сейткалиевич | 20-311-041-328 | Алмалы ауданы, Мұратбаев көшесі | 0,0245 |
| | Ибраев Булат Сейткалиевич | 20-311-041-191 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 182А, 1, 2 пәтер | 0,0384 |
| | Исакова Валентина Федоровна | 20-311-041-454 | Алмалы ауданы, Мұратбаев көшесі, 3 | 0,0258 |
| | Ибраев Булат Сейткалиевич | 20-311-041-030 | Алмалы ауданы, Мұратбаев көшесі, 1 | 0,0503 |
| | «Казэкология» Республикалық ғылыми-өндірістік және ақпараттық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-174 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 190 учаске | 0,0953 |
| | Тулеуова Жазира Жанбековна | 20-311-041-069 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 190А учаске | жалпы 0,0725 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0341 |
| | Герасимова Елена Евгеньевна, Тин Дмитрий Георгиевич, Неверович Сергей Александрович, Неверович Наталия Владимировна | 20-311-041-165 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 223/4 учаске | 0,0238 |
| | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ЛА-155/6 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі | 20-314-013-692 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219Б | жалпы 0,09615 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0821 |
| | «Intisar ltd» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-120 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 178 | 0,0565 |
| | «Той дәмі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-273 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 164 | 0,0362 |
| | «Тайказантехносервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-293 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 162 | 0,1645 |
| | Бекмагамбетова Гульнара Куракбаевна | 20-314-013-587 | Жетісу ауданы, 2-я Гончарная көшесі, 5 | 0,1071 |
| | «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-314-013-146 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 223 | жалпы 3,4983 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0188 |
| | «E-Tires.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-314-013-585 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 221/10 | 0,4110 иеліктен шығарылатын ауданы 0,1226 |
| | Рахадилова Рита Максатовна, Рахадилов Руслан Максатович | 20-314-013-322 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219К, 1 пәтер | жалпы 0,0237<br>үлесі 0,0130 |
| | Зайнуллина Фаюрза Джубановна | 20-314-013-322 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219К, 2 пәтер | жалпы 0,0237<br>үлесі 0,0128 |
| | Конкина Анна Сергеевна | 20-314-013-600 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219Д | |
| | Сатарова Зульфия Исабековна | 20-314-013-091 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219В, 1 пәтер | жалпы 0,0744<br>үлесі 0,0180 |
| | Мусаббех Салтанат Абдыкапаровна | 20-314-013-091 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219В, 2 пәтер | жалпы 0,0744<br>үлесі 0,0180 |
| | Оразова Элеонора Арсеновна | 20-314-013-401 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219М | 0,0256 |
| | Лепешкина Римма Геннадьевна, Лепешкина Тамара Геннадьевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 1 пәтер | |
| | Кадырбаев Марат Кертаевич | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 2 пәтер | |
| | Кадырбаева Гульнара Мадимаровна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 3 пәтер | |
| | Герасимова Олеся Валерьевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 4 пәтер | |
| | Лихач Ирина Николаевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 5 пәтер | |
| | Төреханова Әсел Аманкелдіқызы | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 6 пәтер | |
| | Нурманова Менсулу | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 7 пәтер | |
| | Нурманова Гульнар Аукетаевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 8 пәтер | |
| | Курбанова Гульвира Великовна, Грищенко Татьяна Ивановна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 9 пәтер | |
| | Гревцова Нина Васильевна, Гревцов Павел Александрович | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 10 пәтер | |
| | Водопьянова Наталья Петровна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 11 пәтер | |
| | Шевелёва Ирина Николаевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 12 пәтер | |
| | Ермолаева Наталья Сергеевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 13 пәтер | |
| | Крякова Гертруда Михайловна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 15 пәтер | |
| | Диденко Екатерина Владимировна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 16 пәтер | |
| | Базарова Бахыт Жабаевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 17 пәтер | |
| | Верцанова Галина Николаевна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 18 пәтер | |
| | Ермолаева Рита Кусаиновна | 20-314-013-334 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219А, 19 пәтер | |
| | Калиева Майгуль Бекказиновна | 20-314-013-287 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 219 | 0,0152 |
| | Мулькубаева Жанат Тайтелеевна | 20-314-013-117 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 215 | жалпы 0,0509<br>үлесі 0,0224 |
| | Амирова Лейла Амировна, Аппазов Жумагали Акылбекович | 20-314-013-117 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 215 | жалпы 0,0509<br>үлесі 0,0285 |
| | Тлеутаева Бубихан Кожахановна, Сыбайбаев Калияскар Абылкасович | 20-314-013-180 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 213 | 0,0440 |
| | Шормакова Айгуль Тилеулесовна | 20-314-013-157 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 205 | 0,0277 |
| | Ашенов Мубарак, Ашенова Алия Мубараковна, Ашенова Асия Мубараковна, Ашенов Адель Мубаракович | 20-314-013-485 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 203А | 0,0284 |
| | Корнишина Маргарита Владимировна | 20-314-013-436 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 201 | 0,0440 |
| | Клименченко Людмила Александровна | 20-314-013-393 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 199, 1 пәтер | жалпы 0,0404<br>үлесі 0,0202 |
| | Конилкосов Данияр Техмадулы | 20-314-013-393 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 199, 2 пәтер | жалпы 0,0404<br>үлесі 0,0202 |
| | Кембаева Софья Кожахметовна | 20-314-013-232 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 197 | жалпы 0,1187<br>үлесі 0,0315 |
| | Кашаганов Мухамеджан Масимканович | 20-314-013-232 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 197 | жалпы 0,1187<br>үлесі 0,0164 |
| | Бекбаева Кульжамал Масимкановна | 20-314-013-232 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 197 | жалпы 0,1187<br>үлесі 0,0163 |
| | Молдақұл Талғат Асхатұлы, Молдакулова Куляш Кабитовна | 20-314-013-232 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 197 | жалпы 0,1187<br>үлесі 0,0300 |
| | Ким Игорь Климентьевич | 20-311-023-152 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 200А | 0,0794 |
| | Злобина Екатерина Рашидовна | 20-311-023-110 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 200 | жалпы 0,1709<br>үлесі 0,0420<br>үлесі 0,0404 |
| | Решетов Геннадий Александрович | 20-311-023-110 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 200 | жалпы 0,1709<br>үлесі 0,0885 |
| | Хасанова Надежда Васильевна | 20-311-023-001 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 204, 1 пәтер | жалпы 0,1083<br>үлесі 0,0280 |
| | Петухова Людмила Васильевна | 20-311-023-001 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 204, 2 пәтер | жалпы 0,1083<br>үлесі 0,0150<br>үлесі 0,0100 |
| | Юлинская Наталья Никитична, Юлинский Василий Викторович | 20-311-023-001 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 204, 3 пәтер | жалпы 0,1083<br>үлесі 0,0078<br>үлесі 0,0236 |
| | Брусова Ирина Николаевна | 20-311-023-001 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 204, 4 пәтер | жалпы 0,1083<br>үлесі 0,0095 |
| | Волкова Наталья Викторовна | 20-311-023-001 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 204 | жалпы 0,1083<br>үлесі 0,0236 |
| | Щербаков Сергей Алексеевич, Щербакова Елена Алексеевна | 20-311-023-162 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206, 2 пәтер | жалпы 0,0572<br>үлесі 0,0317 |
| | Петрова Елена Владимировна, Пантюх Александр Александр | 20-311-023-162 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206 | жалпы 0,0572<br>үлесі 0,0085<br>үлесі 0,0085<br>үлесі 0,0085 |
| | Фукалова Надежда Евгеньевна | 20-311-023-117 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206/1, 1 пәтер | жалпы 0,0720<br>үлесі 0,0357 |
| | Гущин Денис Сергеевич, Гущина Татьяна Николаевна | 20-311-023-117 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206/1, 2 пәтер | жалпы 0,0720<br>үлесі 0,0363 |
| | Айтметов Алиакбар Аманжанович, Айтметова Карамат Ибадуллаевна | 20-311-023-315 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206/17 учаске | 0,0333 |
| | Галяпин Роман Викторович | 20-311-023-248 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206/20 учаске | 00917 |
| | «ХАБАД-ЛЮБАВИЧ» қоғамдық ұйымы» қоғамдық бірлестігі | 20-311-023-088 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 206 учаске | жалпы 0,5047 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0492 |
| | «Концерн Сонар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-023-044 | Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 235А | 0,0637 |
| | «Fun Factory» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-314-067-124 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 239/7 учаске | жалпы 0,1142 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0084 |
| | «Pay Point» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-314-064-077 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 239 учаске | 0,0310 |
| | «MAXIMA CITY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-314-067-155 | Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 241 учаске | жалпы 0,2716 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0095 |
| | «Гамма-принт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-321-022-022 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 369 учаске | жалпы 0,2247 |
| | Бакирбаев Болат Сейдалыевич | 20-321-022-004 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 365-367 | жалпы 0,1902 иеліктен шығарылатын ауданы 0,1077 |
| | Бен моше Анзори | 20-321-022-027 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 359 | жалпы 0,3105 иеліктен шығарылатын ауданы 0,1326 |
| | Сулейманов Эльман Рашид-оглы | 20-321-022-016 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 357 | 0,0606 |
| | «ФИРМАСЫ «САУРАН»» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-321-022-002 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 355 | жалпы 0,3721 |
| | Зимина Галина Викторовна | 20-321-026-270 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 339 | жалпы 0,0767<br>үлесі 0,0306 |
| | Зимин Антон Викторович | 20-321-026-270 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 339 | жалпы 0,0767<br>үлесі 0,0153 |
| | Кулинский Сергей Николаевич, Кулинский Андрей Николаевич | 20-321-026-270 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 337 | жалпы 0,0767<br>үлесі 0,0308 |
| | Серікбаева Маржан Тұрабайқызы, Адишов Аштархан Жолтайұлы | 20-321-026-009 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 337, 1 пәтер | жалпы 0,0905<br>үлесі 0,0115 |
| | Кенбаев Сембек Шамшиманович | 20-321-026-009 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 337, 4 пәтер | жалпы 0,0905<br>үлесі 0,0451 |
| | Моисеева Лариса Александровна | 20-321-026-103 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 335, 1 пәтер | жалпы 0,0643<br>үлесі 0,0360 |
| | Моисеев Владимир Леонидович | 20-321-026-103 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 335, 2 пәтер | жалпы 0,0643<br>үлесі 0,0283 |
| | Нурланов Шынадил Нурадилович | 20-321-026-261 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 333, 1 пәтер | жалпы 0,0705<br>үлесі 0,0366 |
| | Келесов Куандык Дулатович, Келесова Гаухар Дулатовна | 20-321-026-261 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 333 | жалпы 0,0705<br>үлесі 0,0068 |
| | Келесова Алмагуль Дулатовна | 20-321-026-261 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 333 | жалпы 0,0705<br>үлесі 0,0068 |
| | Араб Ахмад Алиреза | 20-321-026-261 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 333 | жалпы 0,0705<br>үлесі 0,0085<br>үлесі 0,0050 |
| | Аязбаева Гульмира Султановна | 20-321-026-038 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 331А, 1 пәтер | жалпы 0,0984<br>үлесі 0,0188 |
| | Юсубов Юнус | 20-321-026-038 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 331А, 2 пәтер | жалпы 0,0984<br>үлесі 0,0125 |
| | Трифонова Светлана Александровна | 20-321-026-038 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 331А | жалпы 0,0984<br>үлесі 0,0128 |
| | Мурат Седат | 20-321-026-038 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 331А | жалпы 0,0984<br>үлесі 0,0170 |
| | Завершинский Анатолий Анатольевич | 20-321-026-038 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 331А | жалпы 0,0984<br>үлесі 0,0145 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Турсунбекова Каламкас Зейнулловна | 20-321-063-128 | Алатау ауданы, Докучаев көшесі/ Райымбек даңғылы, 2/417 | жалпы 0,0509 үлесі 0,0263 |
| | Квитко Сергей Николаевич | 20-321-063-128 | Алатау ауданы, Докучаев көшесі/ Райымбек даңғылы, 2/417 | жалпы 0,0509 үлесі 0,0246 |
| | Носырев Александр Алексеевич | 20-321-063-166 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 419 | 0,0654 |
| | Боровикова Ольга Николаевна | 20-321-063-268 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 421 | 0,0686 |
| | Хасанов Ташпулат Инайдуллаевич | 20-321-063-063 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 423 | жалпы 0,1136 үлесі 0,0184 |
| | Хасанова Дилярам Ташпулатовна | 20-321-063-063 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 423 | жалпы 0,1136 үлесі 0,0474 |
| | Вдовкина Наталия Васильевна | 20-321-063-063 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 423, 2 пәтер | жалпы 0,1136 үлесі 0,0478 |
| | Титова Ирина Сергеевна | 20-321-063-015 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 425, 1 пәтер | жалпы 0,1369 үлесі 0,0413 үлесі 0,0200 |
| | Маркин Александр Иванович, Ротачкова Анастасия Владимировна | 20-321-063-015 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 425, 2 пәтер | жалпы 0,1369 үлесі 0,0277 үлесі 0,0255 үлесі 0,0224 |
| | Бочарова Наталья Владимировна | 20-321-063-211 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 427 | 0,0896 |
| | Демина Галина Геннадьевна, Демин Андрей Александрович | 20-321-063-191 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 429 | 0,0973 |
| | Тютюнников Игорь Александрович, Тютюнникова Галина Ивановна | 20-321-063-016 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 431 | 0,1004 |
| | Хоменко Сергей Николаевич, Мизрахиль Анна Николаевна | 20-321-063-080 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 433 | 0,0819 |
| | Гордеева Ульяна Владимировна, Зубехин Вячеслав Владимирович, Зубехина Галина Даниловна | 20-321-061-033 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 435, 2 пәтер | жалпы 0,0640 үлесі 0,0350 |
| | Нурбаев Мурат Амангельдиевич | 20-321-061-033 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 435 | жалпы 0,0640 үлесі 0,0290 |
| | Копина Нина Васильевна | 20-321-061-051 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 439 | 0,0556 |
| | Бишальский Владимир Емельянович, Бишальский Никита Владимирович | 20-321-061-029 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 443 | жалпы 0,1026 үлесі 0,0625 |
| | Сарайкина Лидия Артуровна | 20-321-061-029 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 443 | жалпы 0,1026 үлесі 0,0401 |
| | .Ізбасар Зарина Сапарқызы | 20-321-061-003 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 447 | жалпы 0,0760 үлесі 0,0373 |
| | Турутин Владимир Викторович | 20-321-061-003 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 447 | жалпы 0,0760 үлесі 0,0386 |
| | Полетаева Ирина Михаловна, Полетаева Екатерина Николаевна, Полетаева Кристина Николаевна, Полетаев Николай Петрович | 20-321-061-126 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 447А | жалпы 0,0618 үлесі 0,0246 |
| | Журавлев Александр Сергеевич, Журавлева Татьяна Сергеевна | 20-321-061-126 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 447А | жалпы 0,0618 үлесі 0,0137 |
| | Любимова Антонина Михайловна, Мендыгалиева Надежда Викторовна | 20-321-061-126 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 447А | жалпы 0,0618 үлесі 0,0117 |
| | Бейсенбаев Оразбай Жорболович | 20-321-061-126 | Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 447А | жалпы 0,0618 үлесі 0,0118 |
| | Амирахов Имран Ахмад оглы | 20-312-030-229 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 383Б | 0,0249 |
| | Құрбанбаев Санжар Қадырахынұлы | 20-312-030-001 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 434 | 0,0386 |
| | Федосеев Алексей Владимирович, Федосеев Дмитрий Владимирович | 20-312-030-066 | Әуезов ауданы, Фуркат көшесі, 5 | жалпы 0,0747 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0083 |
| | Чайсутова Роза Камзаевна | 20-312-030-041 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 440 | 0,0741 |
| | Илахунова Гузеля Сраждиновна, Абдукаримов Дильшат Турсунович | 20-312-030-167 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 442 | 0,0597 |
| | Абдукаримов Дильмурат Дильшатович | 20-312-030-248 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 442А | жалпы 0,0641 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0219 |
| | Абдукаримов Дильмурат Дильшатович | 20-312-030-137 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 450 | жалпы 0,0793 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0268 |
| | Оразғали Жарқынай Думанқызы | 20-312-030-127 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 452 | 0,0463 |
| | Салимова Ольга Юрьевна | 20-312-030-123 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 454 | жалпы 0,0523 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0176 |
| | Азбаева Бакытгуль Байсабановна, Неталиев Айвар Вахитович | 20-312-030-016 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 456 | 0,0666 |
| | Иманкулов Жандос Ботбаевич үлесі | 20-312-030-009 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 458 | жалпы 0,1844 үлесі 0,0300 үлесі 0,0600 |
| | Искакова Манчук Капашовна | 20-312-030-009 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 458 | жалпы 0,1844 үлесі 0,0300 |
| | Гафиатуллин Фархад Зиннурович | 20-312-030-009 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 458 | жалпы 0,1844 үлесі 0,0644 |
| | Умаров Акбар Абдувалиевич | 20-312-030-075 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 458А | 0,0299 |
| | Онгарбаев Ораз Мухамадиярович | 20-312-030-047 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 464 | жалпы 0,1670 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0581 |
| | Мусабекова Бакыт Насыровна | 20-312-030-181 | Әуезов ауданы, Райымбек д., 466 | 0,0251 |
| | Муликова Ботагоз Курмашевна | 20-312-030-244 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 468 | 0,0193 |
| | Мамадиярова Гульмира Камбаровна, Дуанбек Ерғали Сәрсенбайұлы | 20-312-030-013 | Әуезов ауданы, Ярмухамедов көшесі, 57А | жалпы 0,0649 иеліктен шығарылатын ауданы 0,0287 |
| | Дуанбек Ерғали Сәрсенбайұлы, Мамадиярова Гульмира Камбаровна | 20-312-030-034 | Әуезов ауданы, Златоустовский көшесі, 2А | 0,0479 |
| | Комарковский Андрей Леонидович | 20-312-039-012 | Әуезов ауданы, Өтеген батыр көшесі, 1 | 0,0504 |
| | Акенайұлы Мерей | 20-312-039-031 | Әуезов ауданы, Өтеген батыр көшесі, 3 | 0,0649 |
| | Снабаев Меирамбек Зулпухарович | 20-312-039-139 | Әуезов ауданы, Өтеген батыр көшесі, 3А | 0,0660 |
| | Сыдыков Мамай Уракбаевич | 20-312-039-065 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 474 | жалпы 0,0779 үлесі 0,0436 |
| | Малгаждарова Раушан | 20-312-039-065 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 474 | жалпы 0,0779 үлесі 0,0343 |
| | Крутицкая Наталья Дмитриевна | 20-312-039-159 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 474А | 0,0583 |
| | Хайдуков Дмитрий Владимирович, Ташбаев Турлан Балтабаевич, Ташбаева Айман Акылбековна | 20-312-039-107 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 476 | 0,0913 |
| | Лялькова Инна Александровна | 20-312-039-006 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 476А | 0,0534 |
| | Кузембаев Сагиндык | 20-312-039-060 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 478 | 0,0866 |
| | Порошин Александр Иванович | 20-312-039-169 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 478А | 0,0789 |
| | Байменкеев Мурат Еламанович | 20-312-039-143 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 480 | 0,0999 |
| | Захарова Татьяна Петровна | 20-312-039-017 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 482 | 0,1160 |
| | Энес Виктор Викторович | 20-312-039-124 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 482А | 0,0590 |
| | Михайличенко Нина Николаевна | 20-312-039-074 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 484А | жалпы 0,0793 үлесі 0,0397 үлесі 0,0396 |
| | Адильбекова Бакыт Суинбековна, Әділбек Қанатбек Сәрсенбайұлы | 20-312-039-073 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 484Б | 0,0452 |
| | Барямова Аиман Аузаровна | 20-312-039-228 | Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 484 | 0,0597 |

## ШЕШІМ

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №193 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 21 қаңтарда №206671 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 25 желтоқсан №193**

**Алматы қаласының аумағында құрылыс салу қағидаларын бекіту туралы**

«Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 19) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласының аумағында құрылыс салу қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №193 шешіміне қосымша*

**Алматы қаласының аумағында құрылыс салу қағидалары**

**1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Алматы қаласының аумағында құрылыс салудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 19) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және Алматы қаласының аумағында құрылыс салу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларды жергілікті атқарушы орган, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетушілер, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы бақылау және қадағалау органдары, инженерлік инфрақұрылым желілерін қоса алғанда, құрылыс салу және (немесе) реконструкциялау объектілерінің меншік нысанына қарамастан, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілері, сондай-ақ, жылжымайтын мүлік объектілерінің меншік иелері қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу кезінде қолданады.

3. Жеке және заңды тұлғалар Алматы қаласының аумағында құрылыс салуды осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

**әмбебап дизайн** – бейімделуді немесе арнайы дизайнды қажет етпестен, оларды барлық адамдар үшін мүмкіндігінше пайдалануға жарамды етуге арналған заттардың, параметрлердің, бағдарламалар мен қызметтердің дизайны (жобасы). Әмбебап дизайн қажет болған жағдайда мүгедектерге арналған ассистивті (арнайы) құрылғыларды жоққа шығармайды;

**бастапқы материалдар** – қазіргі ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) салу және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеуге қажетті материалдар;

**бірыңғай сәулеттік стиль** – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс салу ауданына, оның ішінде жеке құрылыс салуға тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады. Жеке құрылыс салу ауданы үшін сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулары, жабын түрі мен учаске аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы негізгі өлшемдер болып табылады;

**объектінің бірегей нөмірі** (бұдан әрі – ОБН) – объектіні мониторингілеу мақсатында құрылыс жобаларын әзірлеуге, реконструкциялауға (қайта жоспарлауға және қайта жабдықтауға) бастапқы материалдарды алудан бастап пайдалануға қабылдауға дейін құрылыс объектісі туралы ақпаратты (мәліметтерді) жинау үшін мемлекеттік қала құрылысы кадастры жүйесінде қалыптастырылатын он сегіз таңбалы сәйкестендіру нөмірі;

**объектілерді паспорттау** – бұл объектілердің қолжетімділігі мен өрт, сейсмикалық қауіпсіздіктің жай-күйін есепке алу және бағалау жөніндегі жұмыс технологиясы (деректерді әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің қолжетімділік паспортына енгізуді көздейді);

**мастер-жоспар** – жергілікті атқарушы органдарды, бизнес өкілдері мен қалалық қауымдастықтарды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптың мүддесін және икемді сценарийлерді ескере отырып, түрлі деңгейдегі аумақтың қала құрылыстық даму тұжырымдамасы;

**пайдаланушы ұйым** – инженерлік коммуникацияларды (су құбыры және электр желілері, газбен жабдықтау және жылумен жабдықтау, байланыс), ғимараттар мен құрылыстарды (коммуналдық қызметтер, пәтер иелерінің кооперативтері, мүлік иелерінің бірлестігі, тұрғын үй кешені және жалпы үй мүлкін басқаратын тұтыну кооперативтерінің барлық түрлері) пайдалануды жүзеге асыратын ұйым;

**қайта жабдықтау** – үй-жайдың (үй-жайлардың) тіршілікті қамтамасыз ету және пайдалану үшін қажетті өзінің функционалдық мақсатының өзгеруіне, технологиялық және (немесе) инженерлік жабдықтардың ішкі жүйесін толық немесе ішінара ауыстыруға байланысты өзгертілуі;

**қайта жоспарлау** – осы үй-жайдың (осы үй-жайлардың) шекарасын өзгертумен ұштасқан үй-жайдың (үй-жайлардың) жоспарын өзгерту;

**қала құрылысы кеңесі** – Алматы қаласының аумағында мемлекеттік сәулет, қала құрылысы және құрылыс саясатын жүргізу кезінде тиімділікті арттыру және шешімдер қабылдау мақсатында құрылған консультативтік-кеңесші орган;

**қала құрылысының регламенттері** – аумақтарды (жер учаскелерін) және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін пайдаланудың, сондай-ақ олардың жай-күйінің заңнамада белгіленген тәртіппен жол берілетін кез келген өзгерістерінің режимдері, рұқсаттары, шектеулері (ауыртпалық салуды, тыйым салу мен сервитуттарды қоса алғанда). Қала құрылысының регламенттері мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасымен белгіленеді. Қала құрылысы регламенттерінің қолданылуы олар үшін белгіленген мерзім шегінде шектеледі;

**құрылыс** – жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді (үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (бөлшектеу), құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларын дайындау (өндіру), сондай-ақ аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялау мен өз ресурстарын тауысқан объектілерді кейіннен кәдеге жарату жұмыстарын жүзеге асыру жолымен өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды құру жөніндегі қызмет;

**құрылыс алаңы** – салынатын объектіні, уақытша құрылғылар мен құрылыстарды, техникаларды, топырақ үйінділерін орналастыру, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен жабдықтарын жинап қою, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін пайдаланылатын аумақ;

**құрылыс салушы** (тапсырыс беруші) – жеке меншік немесе мемлекеттік мұқтаждар үшін не коммерциялық мақсаттарда кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар салу жөніндегі жобаны іске асыруды жүзеге асыратын инвестор (не өзі инвестор болып табылатын) уәкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға;

**құрылыс салуды реттейтін сызық** – қызыл және сары сызықтардан немесе жер учаскесі шекарасынан шегіндіре отырып, үйлерді, ғимараттарды, құрылғыларды орналастыру кезінде белгіленетін құрылыс салу шекарасы;

**қызыл сызық** – елдімекендерді жоспарлау құрылымындағы кварталдардың, шағынаудандардың, өзге элементтердің аумағын көшеден (жолдардан, алаңдардан) бөліп тұратын шекара. Әдетте қызыл сызық құрылыс салу шекарасын реттеу үшін қолданылады;

**реконструкциялау** – әдетте өзгеретін объектіні жаңарту мен жаңғырту қажеттігіне байланысты жалпы жекелеген үй-жайларды, ғимараттың өзге де бөліктерін немесе ғимаратты өзгерту;

**стационарлық емес сауда объектісі** – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне, оның ішінде, автоматтандырылған құрылғыға немесе көлік құралына қосылған немесе қосылмағанына (технологиялық қосылу) қарамастан, жермен тығыз байланысы жоқ уақытша құрылым немесе уақытша құрылғы;

**техникалық жоба** – қолданыстағы ғимараттардың (құрылыстардың) үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау мақсатында әзірленетін жобалау алдындағы құжаттама түрі;

**тұрғын емес үй-жай** – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қоспағанда, көппәтерлі тұрғын үйдегі құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сәйкес келетін, жоба сатысында көзделген, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шекаралары қабырғалардың, еденнің және төбенің (қабатаралық жабындылардың) ішкі беттері болып табылатын, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарда (кеңсе, дүкен, кафе, қонақүй, хостел және халыққа қызмет көрсету саласының басқа да объектілері) пайдаланылатын және дара (бөлек) меншіктегі жеке ішкі кеңістік;

**урбанизация** – ұл қалалардың өсуі және ауыл тұрғындарына қарағанда қалалық халықтың үлесінің артуы, сондай-ақ қалалық өмір салтының таралу процесі;

**эскиз** (эскиздік жоба) – жобалық (жоспарлық, кеңістіктік, сәулеттік, технологиялық, конструктивтік, инженерлік, декоративтік немесе басқа) шешімнің, схема, сызба, бастапқы сұлба (сурет) нысанында орындалған және осы шешімнің түпкі ойын түсіндіретін оңайлатылған түрі.

**2-тарау. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ҚҰРЫЛЫС САЛУ ТӘРТІБІ**

5. Құрылыс салу бұл нысандарды салу (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жабдықтау, қайта құру, қалпына келтіру, күрделі жөндеу, консервациялау және постутилизациялау), аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру, сондай-ақ қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау рәсімдерін орындауды қамтитын іс-шаралар жиынтығы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы жоқ құрылысқа рұқсат берілмейді.

6. Алматы қаласының аумағында құрылыс салу бекітілген қала құрылысы жобалары негізінде жүзеге асырылады. Қаланың дамуын кешенді жоспарлауды айқындайтын негізгі қала құрылысы жобасы Алматы қаласының бекітілген бас жоспары және оның негізінде әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары болып табылады.

7. Алматы қаласының аумағында құрылыс салу стратегиялық маңызды шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге, аумақтық дамудың егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеуге және инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасауға бағытталған мастер-жоспарды дайындауды көздейтін стратегиялық тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

8. Әкімдіктің сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі елдімекендердің аумағында құрылыс салудың жай-күйі туралы өзекті ақпарат қалыптастыру мақсатында жаңартылуы және өзгертілуі тұрақты негізде жүзеге асырылатын кезекші топографиялық жоспар (коммуникациялар, топографиялық түсірілімдер, үйлер мен ғимараттар) жүргізеді.

Кезекші топографиялық жоспардан алынған ақпарат және (немесе) мәліметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11111 болып тіркелген) сәйкес Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізіледі, жеке және заңды тұлғалардың сұрауы бойынша қағаз немесе электрондық тасымалдағыштарда ұсынылады не интернет-портал арқылы кезекші топографиялық жоспарға қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

9. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында белгіленген мемлекеттік нормативтерге сәйкес бау-бақша және саяжай серіктестіктерінің аумақтары резервтік аумақтардың шегінен тыс елдімекендердің және көршілес кәсіпорындардың санитариялық қорғану аймақтарының перспективалық дамуын ескере отырып, қоғамдық көлікпен жететін қашықтықта, сондай-ақ қала құрылысы жобаларына сәйкес орналастырылады.

10. Абай даңғылының оңтүстігінде, Әл-Фараби даңғылының солтүстігінде, Яссауи көшесінің шығысында, Шығыс айналма автожолының (ШААЖ) батысында орналасқан тұрғын ғимараттардың рұқсат етілген параметрлері жердің орташа жоспарлау белгісінен парапеттің үстіне дейін ең жоғары биіктігі отыз бес метрден 9 қабаттан аспайтындай етіп белгіленуі қажет. Бұл ретте тұрғын ғимараттардың параметрлерін жайлылықтың 3-сыныбынан төмен емес қолдану қажет.

11. Абай даңғылының оңтүстігінде, Әл-Фараби даңғылының солтүстігінде, Яссауи көшесінің шығысында, Шығыс айналма автожолының (ШААЖ) батысында жоспарланатын көпфункционалды ғимараттардың 9 қабаттан жоғары параметрлеріне олардың қоғамдық маңыздылығының сәулет-қала құрылысы негіздемесі, жобалық шешімдердің орнықтылығы мен экологиялылығын қамтамасыз ету шартымен энергия тиімді және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдануды қоса алғанда, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсерін азайтқан жағдайда жол беріледі. Көпфункционалды ғимараттың тұрғын бөлігінің ауданы ғимараттың және (немесе) кешеннің жалпы ауданының 30%-нан аспауы және Қазақстан Республикасы құрылыс нормалары ҚР ҚН 3.02-09-2023 «Көпфункционалды ғимараттар мен кешендер» қолданыстағы нормативтерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

12. Шығыс айналма автожолының (ШААЖ), Әл-Фараби даңғылының, Саин көшесінің, Жандосов көшесінің (Саин көшесінен қала шекарасына дейін) оңтүстігінде орналасқан ғимараттардың параметрлері 25 метрден аспайтын денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және ғибадат объектілерінің құрылысын қоспағанда, құрылыстың барлық түрлері үшін ең жоғары биіктігі он екі метрден аспайтын ғимараттың астындағы жердің орташа жоспарлау белгісінен парапеттің үстіне (шатыр жотасына) дейін, шатырға өрт сөндіру кезінде шығатын ауданы 10 шаршы метрден аспайтын жерді ескерместен, цокольдық қабатты қосқанда үш қабаттан артық емес етіп белгіленуі қажет.

Аталған алаңда ауыл шаруашылығын пайдалану үшін нысаналы мақсаты бар жер учаскелерін бөлшектеуге, таулы сөрелер белдеуінде, оның ішінде еңісі 15 градус және одан жоғары алаңдарда ғимараттар салуға жол берілмейді.

Шығыс айналма автожолының (ШААЖ), Әл-Фараби даңғылының, Саин көшесінің, Жандосов көшесінің (Саин көшесінен қала шекарасына дейін) оңтүстігінде орналасқан жер телімі еңісінің тік еңкіштігі, жер бедері және топырақ туралы деректер геодезиялық түсіріліммен анықталады.

Жоғарыда көрсетілген нормалар қолданыстағы параметрлер шегінде жүзеге асырылатын барлық үлгідегі тұрғын үйлерді және кәсіпкерлік қызмет объектілерін қайта

жоспарлауға (қайта жабдықтауға, қайта бейіндеуге), реконструкциялауға, жаңғыртуға, күрделі жөндеуге қолданылмайды.

13. Тарихи орталықта (Алматы қаласының Райымбек батыр даңғылының оңтүстігі, ШААЖ-ның батысы, Әл-Фараби даңғылының солтүстігі, Розыбакиев көшесінің шығысы шекараларындағы аумақ) құрылыс жобалау және салу тарихи қалыптасқан қалалық ортаны сақтау қағидатын ескере отырып жүзеге асырылады және қала құрылысы жобасында көзделген объектілер мен бұзылған алаңдарды қалпына келтіру шарты бар жерасты паркингтерді қоспағанда, қалыптасқан тұрғын үй құрылыстарында қазіргі әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылымға қосымша жүктеме түсіретін күрделі құрылыс объектілерін орналастыруды қоса алғанда, тығыз (нүктелі) құрылысқа жол берілмейді.

14. Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 мамырдағы №49 шешімімен бекітілген Алматы қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22946 болып тіркелген) және басқа да қолданыстағы құрылыс нормаларында көзделген тығыздық нормасы қала аумағында аумақты орнықты дамыту, сапалы және жайлы ортаны қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

15. Әуеайлақ маңындағы аумақ шегінде қалалық және ауылдық елдімекендерді жобалау, салу және дамыту, сондай-ақ өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және өзге де объектілерді салу және реконструкциялау әуеайлақ жабдығының және әуе кемелерінің адамдардың денсаулығы мен жеке және заңды тұлғалардың қызметіне ықтимал теріс әсерлерін ескере отырып, ұшу қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы №504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларының талаптарын ескере отырып жүргізілуі тиіс.

16. Нақты объектіге берілетін және көлемдік-жоспарлау және қағидатты сындарлы шешімдер бойынша мәліметтерді қамтитын арнайы техникалық шарттар (бұдан әрі мәтін бойынша – АТШ) болған кезде ғана тектоникалық опырылымдарда объектілерді салуға рұқсат беріледі.

17. Алматы қаласының аумағында жеке немесе заңды тұлғалардың жер учаскелерін құрылыс салу үшін пайдалануы (коммуникациялар салуды, аумақты инженерлік дайындауды, абаттандыруды, көгалдандыруды және учаскені жайластырудың басқа да түрлерін қоса алғанда) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

18. Жер учаскелерін бөлу немесе олардың шекаралары мен параметрлерін өзгерту кезінде қызыл сызықтарды, құрылыс салуды реттейтін сызықтарды және қала құрылысы регламенттерінің талаптарын сақтау қажет. Жылжымайтын мүлік объектілері бөлінген жағдайда олардың бөліктерінің дербес жылжымайтын мүлік объектілері ретінде болуы үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

19. Аумақтарды функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері, аумақтарды функционалдық пайдаланудың шартты түрде рұқсат етілген түрлері, аумақты функционалдық пайдаланудың негізсіз және ілеспе түрлері Алматы қаласының қала құрылысы регламентінде көзделеді.

20. Алматы қаласының аумағында тарихи-мәдени мұра объектілерін реконструкциялау (қайта жабдықтау, қайта жоспарлау, сыртқы түрін өзгерту, қосалқы құрылыс салу, үстінен салу) және жөндеу жұмыстары тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетін сақтау, жаңғырту, қайта құруды қамтамасыз ету үшін мәдениет, сәулет және қала құрылысы саласында функцияларды жүзеге асыратын әкімдіктің құрылымдық бөлімшесінің келісімі бойынша тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган беретін тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

21. Алматы қаласының аумағында тарихи-мәдени мұраның ғимараттары мен құрылыстарын бұзуға (постутилизациялауға) жол берілмейді.

22. Аумаққа құрылыс салу Алматы қаласының көлік жүйесін дамытудың бекітілген бағдарламалары мен жоспарларын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

23. Құрылыс аймақтары қалалық көлік жұмысының сапасын төмендетпеуі, көлік мәселелерінің ұлғаюына әкелмеуі және жол қозғалысы қауіпсіздігін төмендетпеуі тиіс. Қаланың көлік инфрақұрылымына жүктемені арттыратын құрылыс жұмыстарын жүргізуге тек компенсациялық шаралар бір мезгілде жүзеге асырылатын жағдайда ғана рұқсат беріледі.

24. Жоспарланып отырған құрылыстың жол-көлік инфрақұрылымына әсерін бағалауды Алматы қаласының көлік саласындағы жауапты атқарушы органы және жол және көлік инфрақұрылымын ұйымдастыру және басқару жөніндегі уәкілетті мекеме жүзеге асырады.

25. Алматы қаласының аумағында табиғи қорды және рекреациялық аймақтарды сақтау мақсатында:

1) тау бөктеріндегі жыралар мен маусымдық су көздерін, бұлақтарды бекіту арқылы құрылыс алаңын ұлғайту мақсатында табиғи ландшафтты өзгертуге;

2) қара топырақты және басқа да табиғи материалдарды алу арқылы тұрғын үйлерді салу мақсаттары үшін тау баурайларын бұтауға және (немесе) кесуге;

3) қала құрылысы жобасында қарастырылған нысандар мен бұзылған алаңдарды қалпына келтіру шартымен жерасты паркингтерін қоспағанда, қалыптасқан тұрғын үй құрылыстарында әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылымға қосымша жүктеме түсіретін күрделі құрылыс нысандарын орналастыруды қоса алғанда, тығыз (нүктелі) құрылысқа;

4) жол-көлік инфрақұрылымы объектілерін, оның ішінде паркингтерді және (немесе) инженерлік коммуникацияларды (құрылыстарды), субұрқақтарды, арық жүйесін, шағын сәулет нысандарын және басқа да абаттандыру объектілерін қоспағанда, ортақ пайдаланылатын жерлерде, қоғамдық кеңістіктерде, саябақтарда, скверлерде, қалалық алаңдарда күрделі құрылыстарды орналастыруға рұқсат берілмейді.

26. Аумақтарды дамытудың және құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлауды жүзеге асыру кезінде адам денсаулығын қорғауға бағытталған экологиялық сапа нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілмейтін аймақтар шегінде жаңа қоныстану аумақтарын орналастыруға жол берілмейді.

27. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы №435 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінде көзделген талаптарға сәйкес және экологиялық менеджмент жүйесінің қолданыстағы стандарттарына сәйкес келетін сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы бар құрылыс материалдарын пайдалану қажет. Құрылыс материалдары мен бұйымдары адам денсаулығына қауіп төндіретін және адам денсаулығы үшін радиациялық және химиялық қауіп төндіретін мөлшерде зиянды заттардың үй-жайларда бөлінбеуін ескере отырып, конструкцияларда қолданылады.

28. Қаланың электрондық кезекші топографиялық жоспары аумақтың, ғимараттар мен құрылыстардың қазіргі жай-күйін, Алматы қаласының Бас жоспарының іске асырылу іс-шараларының реттілігі мен мониторингін, жоспарланатын, іске асырылатын құрылыс жобаларын, мемлекеттік қызметтер көрсетуді, қаланың барлық қызметтерінің өзара іс-қимылын үйлестіру мен қамтамасыз етуді, құрылыс салушының (тапсырыс берушінің) инвестициялық және жобалау қызметін жүзеге асыруды, қолданыстағы заңнамада көзделген пайдалану іс-шараларын жүзеге асыруға арналған.

29. Техникалық деректер мен тиістілігі (пайдаланушы тұлға) көрсетіле отырып, ғимаратқа электрондық техникалық паспорты ресімдеу арқылы жылжымайтын мүлік объектілері мен құрылыстарды тіркеу атқарушы топографиялық түсірілім болған кезде жүзеге асырылады.

## 3-тарау.
## ЖОБА АЛДЫ РӘСІМДЕР ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

30. Сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда (аудандарда) құрылыс жобалау және салу Қазақстан Республикасы құрылыс қағидалары ҚР ҚЖ 2.03-31-2020 «Сейсмикалық шағын аймақтарға бөлуді ескере келе, Алматы қаласының аумағында құрылыс салу» талаптарын және аталған мәселелерді реттейтін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Тектоникалық опырылымдарда 12 қабаттан жоғары объектілердің құрылысын жобалауға және салуға АТШ болған кезде және Алматы қаласының қала құрылысы кеңесінің ұсынымдары негізінде ғана жол беріледі.

31. Қалалық ортада объектілерді жобалау және салу халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімді, ыңғайлы және қауіпсіз орта құруға бағытталған әмбебап дизайн қағидаттарын сақтауды қоса алғанда, қолданыстағы нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

32. Құрылыс жөніндегі жобаларды іске асыру жер учаскесіне тиісті құқық негізінде және келесі кезеңдерге жүзеге асырылады:

1) құрылыс жобаларын әзірлеу үшін бастапқы материалдарды алу (құрылыс үшін жер учаскесімен бірге бастапқы материалдарды беруден басқа);

2) эскизді (эскиздік жобаны) әзірлеу және келісу;

3) жобалау-сметалық құжаттамасын (бұдан әрі – жобалау) әзірлеу және құрылыс жобаларын ведомстводан тыс кешенді сараптамадан (бұдан әрі – сараптама) өткізу;

4) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру;

5) салынған объектіні қабылдау және пайдалануға беру.

33. Тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты қолданыстағы үйлер мен ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жөніндегі жобаларды іске асыру мынадай кезеңдерге жүзеге асырылады:

1) қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдарды алу;

2) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін жобаларды жобалау және сараптау;

3) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру;

4) салынған объектіні қабылдау және пайдалануға беру.

Тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертпей қолданыстағы үйлер мен ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) (бір функционалдық мақсат шеңберінде) лицензиясы бар тұлғалар орындаған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес әзірленген техникалық жоба негізінде жүзеге асырылады. Әкімдіктің сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің шешімін алу, жобалау және сараптамадан өту талап етілмейді. Объектіні пайдалануға беру кезінде техникалық жоба меншік иесінің объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қоса беріледі.

34. Әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілерді қоспағанда, қолданыстағы объектінің құрылыс ауданының 50%-нан асатын көлемде қосымша құрылыс салуға жол берілмейді. Егер жапсарлас құрылыстың ауданы қолданыстағы нысанның құрылыс алаңынан 50%-дан асып кетсе, оны тек бөлек тұрған ғимарат түрінде салуға жол беріледі.

35. Құрылыс жобаларын әзірлеу үшін бастапқы материалдар мыналарды қамтиды:

1) сәулет-жоспарлау тапсырмасы (бұдан әрі – СЖТ);

2) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылу үшін техникалық шарттар (бұдан әрі – техникалық шарттар);

3) жолдар мен көшелердің көлденең қималары;

4) тік жоспарлау белгілері;

5) егжей-тегжейлі жоспарлау жобасынан алынған үзінді көшірме;

6) сыртқы инженерлік желілер трассасының схемалары.

36. Тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты қолданыстағы үйлер мен ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдар мыналарды қамтиды:

1) тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) туралы әкімдіктің сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларын жүзеге асыратын ұрылымдық бөлімшесінің шешімі;

2) СЖТ;

3) техникалық шарттар (өтініш берушімен инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылу үшін техникалық шарттарға арналған сауалнама парағын беру кезінде (бұдан әрі – сауалнама парағы));

4) сыртқы инженерлік желілер трассасының схемалары (өтініш берушінің сауалнама парағын беру кезінде).

37. Жобаланып жатқан инженерлік желілерге қосылу үшін техникалық шарттарды беруге жол берілмейді.

СЖТ мен техникалық шарттар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың құрамында бекітілген құрылыстың нормативтік ұзақтығының барлық мерзімі ішінде қолданылады.

Меншік нысанына қарамастан (оның ішінде инженерлік желілердің жеке теңгерім ұстаушылары) тиісті қызметтерді жеткізушілер стратегиялық және қорғаныс маңызы бар объектілердің схемаларын ашатын мәліметтері бар объектілерді қоспағанда, бірыңғай портал арқылы инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттарды ұсынады.

38. Құрылыстың нормативтік ұзақтығы үш жылдан асқан жағдайда, техникалық шарттардың қолданылу мерзімі құрылыстың басталғаны туралы растаушы құжаттардың ұсынылу талабымен құрылыс кезеңіне ұзартылады. Құрылыстың басталғаны туралы растаушы құжаттар ұсынылмаған жағдайда, техникалық шарттар берілген күнінен бастап үш жыл өткен соң жарамсыз деп есептеледі.

Әкімдіктің сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің реконструкциялауға (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) шешімі объект пайдалануға берілгенге дейін қолданылады.

39. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу тапсырыс беруші берген жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес СЖТ-ның негізгі талаптары мен ұсынымдарын ескере отырып, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды қозғамайтын жағдайларды қоспағанда, реконструкциялау (қайта жабдықтау, қайта жоспарлау) жобалары бойынша міндетті сараптамаға жататын жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы әзірленеді.

Көрсетілген жағдайларда жобаны іске асыру жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

41. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеудің алдында тапсырыс беруші аттестатталған сарапшыларды тарта отырып, қолданыстағы үй-жай, ғимарат немесе құрылыс конструкцияларының физикалық жай-күйіне, сенімділігі мен тұрақтылығына техникалық зерттеп тексеру жүргізеді.

42. Жол құрылысының жобалары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы №208 «Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10690 болып тіркелген) бекітілген Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде оларды басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларында белгіленген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

43. Әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың сараптамасы Заңның 9-1-тарауына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №299 «Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10722 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

44. Магистралды көшелердегі (қалалық және аудандаралық маңызы бар көшелер) көппәтерлі тұрғын үйлерді жобалау кезінде қолданыстағы көшеге жүктеме түсірмеу үшін, қонақжай автокөліктерді уақытша тоқтату үшін, жоспарланған объектілерге қызмет көрсету бойынша қызметтік жол жүруді ұйымдастыру үшін және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша ыңғайлы кірме жолдарды ұйымдастыру үшін параллель жатқан қайталама өтпе жолдарды ұйымдастыру қажет.

45. Тұрғын көппәтерлі үйлер кешендерін жобалау кезінде экологиялық, санитариялық және өртке қарсы талаптарды ескере отырып, балалар ойын алаңы, спорттық және шаруашылық алаңдардың бетіне жайластыра отырып, автопаркингтерді, көлікжайлар мен инженерлік жабдықтардың құрылыстарын орналастыру үшін жерасты кеңістігін барынша пайдалану қажет.

46. Тұрғын үй кешендерін жобалау және салу кезінде мемлекеттік меншіктегі іргелес аумақтарды осы тұрғын үй кешендеріне қызмет көрсету (тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған контейнерлерді орналастыруды қоса алғанда) және абаттандыру (көгалдандыру алаңын ұлғайту, ойын және спорт алаңдарын орналастыру) мақсаттары үшін пайдалануға тыйым салынады.

47. Жеке тұрғын үйлерді жобалау және салу Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылыс нормаларына және осы Қағидаларға сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 4-тарау. ҚҰРЫЛЫС

### 1-параграф. Құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптар

48. Құрылымдық-жоспарлау жағынан Алматы қаласының тұрғын аумақтары тұрғын ғимараттар, тұрғын орамдар, шағын аудандар, тұрғын аудандар тобынан және қалыптасқан тұрғын үй құрылымдары ретінде қалыптасқан шағын аудандардан тұрады. Орам тұрғын үй құрылысын, сондай-ақ қоғамдық және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді қамтитын, жалпы ауданы 5 гектардан аспайтын, дегенмен де аумағы көшелерге бөлінбейтін қалалық құрылымның негізгі бірлігі болып табылады.

49. Жаңа тұрғын үй құрылысы өмір сүруге қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін қала құрылысы кешендері шеңберінде тұрғын үй ортасын құруға бағытталған. Бұл инфрақұрылымның қадамдық қолжетімділігін қамтиды, тұрғын үй құрылысында орналасқан мекемелер мен кәсіпорындардың халыққа қызмет көрсету радиусы Қазақстан Республикасының ҚР ҚЖ 3.01-101-2013* «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елдімекендерді жоспарлау және құрылыс салу» қағидалар жинағында көзделген нормаларға сәйкес қабылданады.

50. Тапсырыс беруші (құрылыс салушы) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10795 болып тіркелген) сәйкес, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес объектілерді салу бойынша өз қызметін жүзеге асырады.

51. Жауапкершіліктің үшінші деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілердің құрылысы және екі қабаттан аспайтын, қосымша жер учаскесін бөлуді (аумақты бөліп беруді) қажет етпейтін, реконструкциялаудан кейін екі қабаттан аспайтын жеке тұрғын үйлерді реконструкциялау эскиз (эскиздік жоба) бойынша жүзеге асырылады.

52. Алматы қаласының аумағында автопаркингтерді, көлікжайлар мен автотұрақтарды жобалау және салу құрылыс нормалары мен қағидалар жинағын, экологиялық, санитариялық және өртке қарсы талаптарды сақтай отырып, белгіленген тәртіппен бекітілген Алматы қаласының бас жоспары, қала құрылысы регламенті және осы Қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

53. Қалалық кеңістікті: жолдарды, көше қиылыстарын, жаяу жүргіншілер және велосипед жолдарын, велосипед тұрақтарын жайластыру жөніндегі нормативтік талаптар «Алматы қаласы жағдайында көше-жол кеңістігін ұйымдастыру» Ұлттық стандартымен белгіленеді.

54. Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеуге арналған бастапқы материалдарды ұсыну және «Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12684 болып тіркелген) бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының (бұдан әрі – Құрылыс салуды ұйымдастыру қағидасы) 2-параграфында айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

55. Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу тәртібі және «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Құрылыс салуды ұйымдастыру қағидаларының 3-параграфында айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

56. Эскиз (эскиздік жоба) Құрылыс салуды ұйымдастыру қағидаларының 3-қосымшасында жазылған құрам мен мазмұнға, мақсатына, негізгі параметрлеріне, объектінің нақты жер учаскесінде орналасуына және көшелерді, орамдарды және тұрғын үй алаптарын салудың сәулет-көркем колористикасына сәйкес түсіне қатысты шешімге қойылатын талаптар кешеніне сәйкес келуі, сондай-ақ әмбебап дизайн қағидаттарын қоса алғанда, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолданыстағы нормативтік-техникалық талаптардың қолжетімділік параметрлеріне сәйкес келуі тиіс.

57. Құрылыс объектісінің эскиздік жобасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына, сондай-ақ Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 мамырдағы №49 шешімімен бекітілген Алматы қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22946 болып тіркелген) және Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №82 шешімімен бекітілген Алматы қаласының Дизайн-кодында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1751 болып тіркелген) көзделген талаптарға сәйкес жобалануы қажет.

### 2-параграф.
### Құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау

58. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен және Заңмен реттеледі.

59. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін жүргізу және есепке алу тәртібі Заңның 75-1-бабымен регламенттеледі.

Бұл ретте меншік иесі пайдалануға дербес қабылдайтын объектілерге қатысты:

1) Мемлекеттік корпорация өтініш берушіден меншік иесінің объектіні пайдалануға дербес қабылдаудың бекітілген актісін алған кезден бастап бір күн ішінде инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылыстардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімін қоса бере отырып, объекті орналасқан жердегі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын әкімдіктің құрылымдық бөлімшесіне объектіні пайдалануға дербес қабылдаудың бекітілген актісін жолдайды;

Инженерлік желілердің және/немесе ғимараттардың (құрылыстардың) нақты жағдайының атқарушы геодезиялық түсірілімі Заңның 60-бабы 2-тармағының 4), 11), 13), 16), 17), 19 тармақшаларда көрсетілген объектілерді қоспағанда, барлық құрылыс объектілері үшін қоса беріледі.

2) Шығыс айналма автожолының (ШААЖ), Әл-Фараби даңғылының, Саин көшесінің, Жандосов көшесінің (Саин көшесінен қала шекарасына дейін) оңтүстігінде орналасқан жеке тұрғын үйлер үшін объектіні сейсмикалық төзімділікке техникалық тексеру қоса беріледі;

3) әкімдіктің сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі бір жұмыс күн ішінде меншік иесінің осы Қағидаларында айқындалған рәсімдерді сақтауын салыстырып тексереді және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесінде пайдалануға қабылдау актісін есепке алуды жүргізеді.

Бұзушылықтар анықталған кезде Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ол туралы тіркеуші органға жазбаша хабарлайды;

4) бұзушылықтар болмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ол туралы тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

60. ОБН-ді беру «Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік қызметін көрсету, «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету, құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау кезеңінде мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы автоматты режимде жүзеге асырылады.

61. Технологиялық жағынан күрделі объектілерді пайдалануға қабылдау объект толық дайын болған кезде жүргізіледі

62. Бекітілген жобаға сәйкес кіреберіс есігі мен терезе блоктары (толтыру) орнатылған, ішкі әрлеу жұмыстары аяқталған, қабырғалары мен төбелері сыланған және тегістелген (ішкі қаптау, сылау, тұсқағаз жапсыру жұмыстарынсыз), еден жабынын салу бойынша төсем салынған (таза едендер салусыз), электр кабельдері мен сымдарын өткізу көзделген, пәтер ішіндегі бөлу автоматтары орнатылған (тұрмыстық мақсаттағы электр техникалық аспаптарсыз, газды немесе электрлі асүй плиталарсыз), аспаптарды орнату орындарына дейін жапқыш арматурасы мен тығындары бар су өткізу және кәріз құбырлары жүргізілген (санитариялық-техникалық жабдық пен аспаптар орнатусыз), сондай-ақ тұтынылған коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптары (үйге ортақ және жеке) орнатылған, жылыту аспаптары мен терезелік жақтау тақтайлары орнатылған, егер шартта осы көзделмесе, атап көрсетілгеннен асатын көлемдердегі жұмыстар орындалған, сондай-ақ объекті инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылып, аумақтарды абаттандыру және көріктендіру бойынша жұмыстар орындалып салынған объектілердің (кешендердің) жай-күйі салынған объектілердің (кешендердің) толық әзірлігін білдіреді.

Ішкі әрлеу (қаптау, сылау, тұсқағаз жапсыру) жұмыстары аяқталған, таза едендер салынған, санитариялық-техникалық жабдық пен аспаптар, тұрмыстық мақсаттағы электр техникалық аспаптар, газды немесе электрлі ас үй плиталары, тұтынылған коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптары (үйге ортақ және жеке), пәтерішілік есік блоктары орнатылып және объекті инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылып салынған, объектінің құрылысына бөлінген аумақты аббатандыру және көгаландыру бойынша жұмыстар орындалған объектілердің жай-күйі мемлекеттік инвестициялардың қатысуымен салынған тұрғын үй объектілерінің толық әзірлігін білдіреді.

63. Көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға беру кезінде сейсмикалық қауіпсіздік талаптарының және эвакуациялау жөніндегі іс-шаралардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Құрылыс салушы және/немесе Тапсырыс беруші барлық құжаттаманы (оның ішінде жобалау алдындағы, жобалау және атқарушылық құжаттаманы) тұрғын үй қатынастары саласындағы тиісті функцияны жүзеге асыратын әкімдіктің құрылымдық бөлімшесіне мүлік иелерінің жаңадан құрылған бірлестігіне одан әрі беру үшін жібереді.

64. Объектіні бұзушылықтармен және құрылыс кемшіліктерімен пайдалануға қабылдаған жағдайда, объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

65. Тапсырыс берушілерді (инвесторларды, құрылыс салушыларды), техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларды, іздену, жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігерліктің жауапты орындаушыларын, құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкцияларын және жабдықтарын дайындаушылар мен берушілерді қоса алғанда, салынған объектілерді пайдалануға тапсыруға және қабылдауға қатысушылар, сондай-ақ құрылыстың және жабдықтарды монтаждаудың барысын жедел қадағалау қызметтері және басқа да қатысушылар жіберілген бұзушылықтар не міндетті нормативтік талаптардан (шарттардан, шектеулерден) ауытқушылықтар салдарынан азаматтардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгені үшін, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке мүдделерге залал (зиян) келтірілгені үшін, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтары үшін объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Бұл ретте сәулет және құрылыс саласында, сондай-ақ жер қатынастары саласында лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

### 3-параграф.
### Қала құрылысы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету

66. Алматы қаласының аумағында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте құрылыс мақсаттарына арналмаған жер учаскелерінде немесе жобадан ауытқи отырып салынған, сондай-ақ оған қажетті рұқсат алмастан салынған, әртүрлі мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды салуға тыйым салынады;

2) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жобалау және жұмыстарды жүргізуге жауапты адамда сейсмикалық қауіпті ауданда жұмыстарды жүргізу құқығын растайтын тиісті құжаттардың болуы жобалау-іздестіру, сараптау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.

67. Алматы қаласы аумағындағы жеке және заңды тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады;

2) тарих және мәдениет ескерткіштеріне, табиғат ескерткіштеріне, қалалық және табиғи ландшафттарға, инженерлік, көліктік инфрақұрылым және аумақты көріктендіру объектілеріне зиянды әсер ететін, үшінші тұлғалардың заңды мүддесіне қол сұғатын және жақын жатқан жер учаскелерінің және өзге де жылжымайтын мүлік объектілерінің меншік иелерінің, жалға алушылардың немесе пайдаланушылардың құқықтарын іске асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді жасамайды;

3) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қажетті жобалау-сметалық құжаттарды, кешенді инженерлік зерттеу материалдарын және басқа да материалдарды береді;

4) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамаларының талаптарын сақтайды.

68. Қала аумағында әртүрлі мақсаттағы объектілерді өз бетінше салуға жол берілмейді.

69. Объектілерді пайдалану кезінде: жаяу жүргіншілердің, велосипедшілердің және қызыл сызықтар шекарасында орналасқан көлік коммуникациялары бойынша көліктің жүруі үшін қолайсыздықтар мен кедергілер жасауға, бірдей құрылыс материалдарын қолдана отырып, ғимаратты немесе құрылысты күрделі жөндеу және реконструкциялау жөніндегі іс-шарамен қасбетті бірыңғай безендіру көзделетін жағдайларды қоспағанда, көшелердің, орамдардың сәулеттік келбетін және ғимараттың, құрылыстың сәулеттік стилін бұзуға, көппәтерлі тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қасбет бөлігінде спутниктік немесе эфирлік сигналын қабылдау үшін Қазақстан Республикасы аумағында телерадиоканалдарды таратуға лицензиясы жоқ, байланыс және (немесе) телерадиохабарларын тарату операторларының спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын орнатуға, жертөле, цокольдық үй-жайларды, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйлердегі паркингтерді қайта жабдықтауға жол берілмейді.

70. Заңсыз құрылысқа жол бермеу мақсатында салынып жатқан объектілер мен кешендерге мониторингі Алматы қаласы бойынша аудан әкімдерінің аппараттары арқылы да жүргізіледі.

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

# ТЕҢ ҚОҒАМ

## Мүмкіндігі шектеулі балаларға қуаныш сыйлаймыз

**Мүмкіндігі шектеулі жандар да – қоғамның бір мүшесі. Олардың ішінде қабілеті бары білім алып, жұмысқа тұрып, қоғаммен біте қайнасып кете алады. Бұл топтағы жандар үшін мемлекет тарапынан кедергісіз орта қалыптастырылып, жағдайлар жасалған. Алматыда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға бөлінетін қаржы көлемі жыл өткен сайын артып келеді.**

Нұржамал ӘЛІШ

Бүгінде Алматыда 59 мыңнан астам мүгедек адам тұрады. Соның ішінде 9700-ден астамы бала. Сырқат бала бағу оңай емес. Сондықтан ата-аналарға қай кезде де қолдау қажет. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмек те аз емес.

Мәселен, Алматыда мүгедектігі бар адамдарға, мүгедек балаларға стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болуға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсететін 10 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейтінін айта кетейік. Соның ішінде, мәселен, «Сенім» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 3 жастан 18 жасқа дейінгі психоневрологиялық патологиясы бар 133 мүгедек бала қызмет алуда. Сондай-ақ, 30 балаға арналған паллиативтік бөлім бар. «Сенім» арнайы жабдықтармен, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кабинетімен, оқу сыныбымен, сенсорлық кабинетпен, физио-кабинетпен, дефектолог, логопед, ЕДШ кабинеттерімен жабдықталған.

Ал «Шапағат» әлеуметтік қызметтер орталығының жартылай стационар режимінде былтыр 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі 107 балаға психоневрологиялық патологиясы және тірек-қимыл аппараты бұзылған қызметтер көрсетілді. Ата-аналар балалары орталықта 8 сағатқа қалдырады. Сөйтіп, өздері алаңдамай жұмысына барып келеді. Бұл орталықтың Алатау, Бостандық, Наурызбай және Түрксіб аудандарында күн сайын 185 мүгедек бала баратын 5 бөлімшесі бар.

Ата-ана, әлбетте, бала үшін деп өмір сүреді. Ауру баламен төрт қабырғада отырып қалмасын деп, олар да бір мезгіл балаларымен бірге сергісін деп, жылда түрлі концерттер, қаладағы танымал туристік орындарға тегін экскурсия ұйымдастырылады.

**Циркке, «Алматы Аренада» өтетін қайырымдылық кештеріне барады. Жобаға қатысушылар былтыр Ботаникалық баққа, «Oi-Qaragai» таулы курортына және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атындағы саябаққа барды. Олармен бірге көпбалалы отбасынан шыққан жеткіншектер де қыдырады. Демек, барлық бала тең. Олар бірге қуана біледі, жақсылық атаулыны бірге бөліседі.**

КОНФЕРЕНЦИЯ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘНІ ЖОҒАРЫ

**Философия, саясаттану және дінтану институты «Әділетті Қазақстан аясындағы діни құндылықтар мен қазіргі мәдениет» тақырыбында ғылыми конференция өткізді.**

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Бұл ғылыми конференция «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнын және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» ғылыми іргелі зерттеулерді жүзеге асыру аясында өткізілді.

Конференцияның мақсаты – «Әділетті Қазақстан» діни құндылықтары мен қазіргі заманғы мәдениеттің өзекті аспектілерін талқылау, оның қазақстандық қоғамның мәдени-рухани құндылықтарымен тарихи байланыстарын талдау. Сондай-ақ, конфессияаралық және мәдениетаралық диалогты нығайту үшін діннің әлеуетін анықтау болып табылады.

Идеялық басымдықтар бағдары туралы Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 3 қаңтарында «Ana tili» газетіне берген сұхбатындағы мемлекет пен қоғамның байланысындағы диалогтың тиімді жүзеге асырылуы негізгі қағида болып саналатын «Әділетті Қазақстан» ұстанымын жариялаған. Әлеуметтің түрлі санаттары мен қоғам дамуындағы аталған ұстаным қазіргі құндылықтар шеңберінде діни-мәдени факторлардың пайымдарын зерделеу, талқылау ғылыми-сарапшылар қоғамдастығы алдындағы маңызды қадам болып саналады. Осыған орай, конференцияда тақырып аясында діни құндылықтар мен бүгінгі мәдениеттің ахуалы еліміздегі мемлекеттік деңгейдегі ұстанымдарды тиімді іске асыруға септігін тигізетін мәселелер талқылауға арналды.

*– Ұлттық құндылықтарға қатысты дүниелер талқыланды. Әділ әрі жаңарған қоғамды құру тетіктері әр саланың білгір мамандарымен ақылдасып шешетін іс. Сондықтан елді ақпараттандырып, қоғамға кәделі ой салған жөн,* – деді дінтанушы Алмасбек Дүйсенбекұлы.

ҚОҒАМ

# ӘЛЕУМЕТПЕН БІРГЕМІЗ

## Шаһарда халықтың әлеуметтік осал тобына өтемақы қарастырылады

**«Тарифті инвестицияларға айырбастау» республикалық бағдарламасы шеңберінде шаһар басшысының тапсырмасымен 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қалада халықтың әлеуметтік осал топтарының 9 санатына (ХӘОТ) коммуналдық қызметтер бағасының өсуіне байланысты өтемақы қарастырылады.**

**Алматы қаласында тұрақты тұратын және тіркелген азаматтардың мынадай санаттары осы әлеуметтік көмекті алуға құқылы:**

***– Ұлы Отан соғысының ардагерлері;***
***– жеңілдіктері бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;***
***– басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;***
***– бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;***
***– мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;***
***– «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;***
***– мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру, адам өмірін құтқару, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;***
***– жасы бойынша зейнеткерлер;***
***– жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.***

***Әлеуметтік көмектің мөлшері 0,8 айлық есептік көрсеткішті (3146 теңге) құрайды.***

*«Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігіне және тарифтердің өсуіне қарамастан, қала әкімдігі үшін халықтың әлеуметтік осал санаттарын қолдау басым бағыттардың бірі болып қала береді. Шаһарда халықтың әлеуметтік осал тобы санатына жататын 339,8 мың адам тұрады. Бұл көмек түрін бүгінде 141,7 мың азамат алды.*

*Алматы қаласы аудан әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері осы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеуді ХӘОТ өтініштері негізінде, өтініш берушілердің шоттарына екінші деңгейлі банктер арқылы жүргізеді»,* – дейді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Кәмшат Қошқарбаева.

**Тақырыпқа орай айта кетсек, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап Алматыда сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша тарифтерге өзгерістер енгізілетін болады. Бұл іс-шаралар қосымша қаражат тартуға, желілердің тозуын, апатты жағдайларды болдырмауға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.**

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**2025 жылдың 26 қаңтарында «Қазпошта» АҚ Алматы поштасы филиалының сервистік қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Айжан Айтбайқызы Саттыбаева 60 жасқа толады.**



Айжан Саттыбаева – пошта саласының ардагері. Мерейтой иесі осы салада 27 жыл қызмет етіп келеді. Еңбек жолын 1998 жылдың наурыз айында Алматы қаласында пошта операторы болып бастады. 2008 жылдың қаңтар айынан бастап баспа тарату бөлімінде жұмыс істеп, жазылу науқаны кезінде ұйымдарды тартуға белсене араласты. Алматы филиалының құрылымындағы өзгерістерге байланысты 2018 жылдан бері сервистік қамтамасыз ету бөлімінде жұмыс істейді. Бұл – Алматы поштасы қызметінің өте маңызды әрі жауапты саласы.

Айжан Айтбайқызы 2021 жылы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен марапатталды. Әріптестер арасында да құрмет пен беделге ие.

Алматы поштасының Алматы филиалы Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды, Айжан Айтбайқызы! Сізге және жақындарыңызға зор денсаулық, саркылмас қуат, бақыт пен амандық тілейміз!

**«Алматы почтамты» АФ әкімшілігі және ұжымы.**

ALATAU AQPARAT

Бас директор –
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**
**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
**Есхат БОЖАН**
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел: 293-08-12. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**
Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға таралатын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail:
**alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)**

**Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында терілі, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

**Әлемде туризмнің жаңа бағыттары сұранысқа ие болып келеді. Қазақстанға келетін шетелдік туристер санын көбейту үшін еліміз жаңа трендтерді ұтымды пайдалануы керек.**
**Жаһандану заманында туризм ұғымының ауқымы кеңейді. Бұрынғыдай тек бір ел, не қалаға барып, сол жердің көркем-мәдени орындарын көріп қайтумен шектелмейді. Бүгінгі туризм өмірдің көптеген салаларын қамтиды. Атап айтқанда, спорттық туризм, іскерлік туризм, гастрономиялық туризм, медициналық туризм және т.б. бағыттары бар. Олардың ішінде гастрономия мен медицина соңғы жылдары адамдарды саяхаттауға итермелейтін басты себептерге айналды.**



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

# Туризмнің жаңа бағыттары: ГАСТРОНОМИЯ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА

Досбол АТАЖАН

### Медициналық туризм

Бұл азаматтардың сапалы және қолжетімді медициналық көмекті іздеу мақсатында шет елге шығуы. Адамдар өз елінде белгілі бір медициналық көмек түрі болмағандықтан не қызметтің сапасына көңілі толмағандықтан өзге мемлекеттерге барып, сонда қомақты сома жұмсайды.

Қазақстан медициналық туризм қауымдастығының президенті Кристина Кривецтің айтуынша, жыл сайын медициналық туризмнің ауқымы 23%-ға өсіп келеді. Ол бұл туралы Қытайдағы Қазақстан туризм жылының жабылуына арналған халықаралық форумда айтқан болатын. Спикер шетелдік туристерді Қазақстанның бірқатар медициналық қызметтері қызықтыратынын, Қазақстан репродуктивті медицина, онкологиялық аурулардан емдеу, шаш отырғызу қызметтері бойынша әлем елдерімен бәсекеге түсе алатынын атап өтті.

**Керек дерек**

**• 2024 жылдың 9 айында Алматыға 1,7 млн қонақ келген. Оның ішінде 507,5 мың адам шетелдік меймандар болса, 1,2 млн адам – ішкі туристер. Жалпы, шетелдік туристер әлемнің 100-ден астам елінен келген.**

**• Биыл CNN Travel Алматыны 2025 жылы саяхаттауға тұрарлық ең үздік орындар тізіміне енгізді.**



### Қонаққа ас ұсыну – қонақжайлық

Әлемдік саяхатшыларды қызықтыратын жаңа бағыттардың бірі – гастрономия. Жалпы, гастрономиялық туризм – бұл саяхат кезінде ұлттық тағамдар арқылы жаңа мемлекеттің мәдениетімен танысу. Бүгінгі күні туристер міндетті түрде өзі барған елдің тағамдарынан дәм татып көруге тырысады. Әлемдік басылымдар да белгілі бір туристік бағытты ұсынбас бұрын ол аймақтың асханасы мен мейрамханаларының тартымдылығын ескереді. Мысалы, дүние жүзіндегі ең танымал әрі беделді басылымдардың бірі – The New York Times былтыр саяхаттауға кеңес беретін қалалардың тізіміне Алматы қаласын қосып, мегаполистегі тағамдарға ерекше мән берген болатын.

*«Алматы екі миллион халқы бар Қазақстанның ең ірі қаласы бола тұра, бейбіт әрі белсенді шаһар әсерін береді. Алматының мәдени орталық ретіндегі мәртебесі оның гастрономиялық өмірінде айқын көрінеді. Ұн, су және етке негізделген «неономадтар» асханасы заманауи стильде ұсынылған,* – деп жазды әлемдік басылым.

Елдегі гастрономиялық туризмді дамытып, шетелдік саяхатшыларға елдегі тағамдар әралуандығын көрсетудің бірден-бір жолы – бұл халықаралық фестиваль өткізу. Осы орайда, Алматы қаласы 3 жыл қатарынан Food Fest гастрономиялық фестивалін ұйымдастырып келеді.

Туризм басқармасының мәліметінше, 2024 жылы Food Fest фестиваліне 15 мың адам қатысқан. Іс-шараға арнайы Қытай, Иран, Пәкістан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Ресей аспаздары, сондай-ақ біршама шетелдік мейман келген. Бұл көрсеткіштер көңіл қуантады. Дегенмен, Қазақстан мен қаламызға келетін туристердің саны арта беруі үшін бар нәтижемен тоқтап қалмай, туризмнің жаңа трендтеріне сай жаңа бағыттарды дамытқанымыз жөн.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Кристина КРИВЕЦ,**
**Қазақстан медициналық туризм қауымдастығының президенті:**

***Біз Бейжіңдегі медициналық туризмнің халықаралық көрмесіне қатыстық. Сонда Қытай тарапынан біздің медицинамыз бен денсаулық сақтау жүйесіне үлкен қызығушылық бар екенін байқадық. Жыл сайын медициналық туризмнің ауқымы өсіп келеді, орташа жылдық қарқыны – 23%. Бұл көрсеткіш айтылған саланың туризм мен бизнес үшін өте тартымды бағыт екенін көрсетеді.***

***Бүгінгі күні медициналық туризмдегі ең танымал қызметтер – пластикалық хирургия мен косметология. Бірақ Қазақстан бұдан бөлек қызметтерді де ұсына алады. Біз медициналық қызмет алғысы келетін туристер үшін негізгі бағыттарды анықтау үшін зерттеу жүргіздік. Оның нәтижесі бойынша ең сұранысқа ие бағыт – репродуктивті медицина, экомедицина. Тіпті, халықаралық көрме кезінде репродуктивті медицина бойынша қызмет көрсететін мекемелерімізге қызығушылық жоғары екенін байқадық. Одан кейін кардиохирургия, нейрохирургия, онкологиялық ауруларды емдеу бағыттары. Біз қытайлық операторларға ақпараттық тур өткізген кезде онкология саласында қызығушылық бар екенін байқадық. Сондай-ақ, біз шаш отырғызу бойынша тиімді жұмыс жүргізе аламыз. Қытай тарапынан жиі сұралатын қызметтердің бірі осы. Біз медициналық туризм үшін жиі таңдалатын Германия, Түркия, Израиль, Ресей секілді мемлекеттермен бәсекелесе аламыз.***